При этом люди с инвалидностью и престарелые, составляя все более многочисленную группу потребителей услуг индустрии путешествий и других видов отдыха в мире, а также семьи с детьми, которые также становятся частью этого расширяющегося рынка индустрии туризма, не имеют физического доступа к большинству гостиниц, транспортных средств и туристских достопримечательностей.

Таким образом, доступность туристских ресурсов становится все более важным фактором в развитии туризма. Несмотря на увеличение числа туристов, к которому привело бы расширение доступа к туристским ресурсам и услугам, многие туроператоры пока еще не осознали значения принятия мер в этом отношении. Поэтому необходимо выработать четкую политику и стратегию содействия обеспечению доступности туристских ресурсов, поднять

уровень специальной подготовки персонала в индустрии туризма, повысить информированность общественности о потребностях туристов с инвалидностью и о значимости туризма в социально-экономическом-развитии.

Развитие социального туризма, в том числе краеведческого, спортивного, самодеятельного, лечебно-оздоровительного, культурно-познавательного, экологического туризма, семейных путешествий, туризма пожилых лиц и инвалидов, молодежного и детско-юношеского туризма имеет большое воспитательное и патриотическое значение.

В решении всех этих вопросов первостепенную роль приобретают институциональные элементы формирования турпродукта.

Казахстан имеет конкурентные преимущества, которые заключаются в уникальной культуре, богатой и разнообразной природе, возросшей деловой активности, что дает возможность развивать культурно-познавательный, экологический, деловой туризм, заниматься активными видами отдыха, такими, как спортивный, приключенческий туризм.

В целом для туристов предлагается более 700 маршрутов путешествий по всей территории Казахстана. Наиболее интересные, привлекательные и перспективные маршруты разработаны: ТОО «Саяхат» Кызылординская область, ТОО «Компания Жибек Жолы», ТОО «Туристическое агентство» Национальной компании «Шелковый Путь-Казахстана», ТОО МАЛ «Хантенгри», ТОО «Азия туризм», ТОО «Туран-азия» г.Алматы, ТОО «Акколь», ТОО «Шиндал-Сан» Алматинская область, ТОО «Экосистем», ТОО «Рахмановские ключи», ТОО «Шара» Восточно-Казахстанская область, ТОО «Фирма-Турист» Мангистауской области, ТОО «Камек тур» Южно-Казахстанской области. Тур операторами Жамбылской области разработаны маршруты «Тараз – Древний город Шелкового пути», «Тараз - Туркестан» и другие [3].

В настоящее время в нашей республике ведется работа по развитию наиболее привлекательных туристских направлений по:

- экологическому туризму с привлечением ресурсов Государственных национальных природных парков «Алтын Емель», «Иле Алатау», «Чарынский каньон»;

- культурно-познавательному туризму по маршрутам Великого Шелкового пути.

Среди проектов, направленных на повышение туристской привлекательности отдельных регионов республики особое место отводится созданию туристских центров в Щучинско-Боровской курортной зоне Акмолинской области, на побережье Капшагайского водохранилища в Алматинской области, развитию пляжного и круизного туризма на Каспийском море и созданию условий для развития космического туризма в городе Байконур в рамках проекта «Казахстан – первая космическая гавань планеты». Реализация данных проектов оживит развитие туризма и по казахстанскому отрезку Великого Шелкового пути.

Как показывает анализ, в нашей Республике намечаются широкие перспективы развития внутреннего туризма. При комплексном решении всех задач, в ближайшие годы будет обеспечено создание конкурентоспособной туристской индустрии, способной к деловому сотрудничеству в рамках международной торговли услугами в сфере туризма и отдыха.

ЛИТЕРАТУРА

1 Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 года, Астана, 19 мая 2014;

2 Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А.Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» (Астана, 14 декабря 2012 года);

3 Конъюнктурное исследование Агентства по статистике «Обследование деловой активности туристских организаций». Социально-экономическое развитие Республики Казахстан, 6/2004

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ДЕҢГЕЙІ

ҚУАТБАЙ Г. Н.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КАКЕЖАНОВА Ш. К.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасының басшысының мәлімдемелері бойынша жоғары өмір стандарттары бар әлеуметтік мемлекет құруға бағдар жариялады. 2012 жылғы қаңтардың соңында ел басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында

айтып кеткеніндей: «Алдағы онжылдықтың маңызды міндеті – Қазақстанның барлық азаматтарының өмір сапасын және деңгейін жақсарту, әлеуметтік тұрақтылықты және қорғалуды нығайту».

Сонымен ең бірінші бұл ұғымдардың мағынасын ашуға болады. Бұл түсініктер бір біріне мағынасы жағынан ұқсас болғанымен айырмашылықтарын атауға болады. Өмір сүру деңгейі күрделі әлеуметтік – экономикалық жинақы түсінік болып есептелінеді. Өмір сүру деңгейіне баға адамның табысын, тұтынуын, жұмыспен қамтылуын, білім және дәрігерлік көмек алуын, мәдени өмірін, демалысын, қоршаған орта және қғам жағдайын, бағаның өзгеруін, т.б. сипаттайтын көрсеткіштер сияқты сан – сапалы әлеуметтік – экономикалық индикаторларды зерттеу арқылы беріледі. Өмір сүру деңгейі – адаам дамуы тұжырымдамасы тұрғысынан адамның лайықты, толыққанды өмір сүруіне қажетті қорларға қолжетімділікті сипаттайды және адамның таңдау мүмкіншіліктерін кеңейтетін құрал есебінде қарастырылады.

Тұрмыс деңгейінің санаттары:

- байлық (дүние мүлiктiк, материалдық) – бiр емес, бiрнеше ұрпақ бойы емiн-еркiн бойын күтiп, ойын жетiлдiруге, қаржысы мен уақытын өз қалауынша пайдалануға мүмкiндiк беретiн молшылықтың ең жоғарғы деңгейi;

- молшылық – адамның жан – жакты дамуын қамтамасыз ететiн игiлiктер мөлшерi;

- қалыпты деңгейi – жұмсалған физикалық және зияткерлiк куш қуатты ғылыми негiзделген норма бойынша қалпына келтiрудi қамтамасыз етуге жеткiлiктi молшылық;

- кедейлiк – жұмысқа қабiлеттiлiктi сақтау деңгейiнде ғана тұтынуға жететiн игiлiктер;

- қайыршылық – тек адамның тiршiлiкке қабiлеттiлiгiн сақтауды ғана қамтамасыз ететiн деңгейде тұтынуға жететiн игiлiктер мен қызметтер жиынтығы;

Заманға сай қазiргi кезде өмiр сапасын артыратын факторларға әлеуметтiк-экономикалық, саяси, мәдени-идеологиялық, экологиялық және әрбiр адамның өмiр сүру шарттарының, қоғамдағы орнының кешендi сипаттамасы түсiнiле бастады.

Әлемдегi мемлекеттердiң қазiргi кезде маңызды мәселелерiнiң бiрi халықтың өмiр деңгейi және сапасы болып отыр. Бұған мысал ретiнде жакын уақыттағы Таяу Шығыстағы «араб көктемі» деп аталатын оқиға болды. халықтың көп бөлiгiнiң өмiр деңгейi мен сапасының төмендеуi араб елдерiнiң басқарушыларының тақтан

тайған кездерiне сәйкес келдi. Соған байланысты елдердегi тұрақсыздық өмiр сапасының одан әрi төмендеуiне әкеп соғады [2, б. 213-222].

Қоғамның әлеуметтiк жағдайы ондағы халықтың белгiлi бiр деңгейде дамуы және толық ақпаратпен қамтамасыз етiлуiмен қатар мемлекеттiң дұрыс бағыттағы саясатына және қайта құрулардың бағыттылығы мен қарқындары, әрi тиiсiнше экономикалық тұрақтылыққа байланысты. Осы проблемаларды шешудiң негiзгi мәні адам, оның әлеуметтiк жағдайы, әлеуметтiк саулығы болатын мемлекет дайындаған белгiлi бiр саясатты қажет етедi. Мiне соған байланысты әр мемлекеттiң өмiр сүру деңгейi мен сапасының өзгеруiне алып келедi және олардың әртүрлi топтарға бөлiнуiн тудырады. Халықтың өмiр сүру деңгейiн жақсарту үшiн көптеген мемлекеттер даму бағдарламаларын әзiрлеп, ресми жариялайды.

Көрсетiлген бағдарламаларда өмiр сапасын мен деңгейiн арттыру негiзгi орын алады. Себебi дамыған мемлекеттiң негiзгi мiндетi – ол халықтың өмiр сапасын және деңгейiн арттыру.

Қазақстан президентiнiң негiзгi мақсаттарының ең маңыздысы дүние жүзiндегi дамыған және бәсекеге қабiлеттi мемлекеттердiң деңгейiне қарай халықтың өмiр сүру сапасын мен олардың деңгейiн тұрақты арттыру болып табылады. Осыған сәйкес 2007-2009 жылдары халықтың өмiр сүру сапасын арттыру үшiн жұмыс күшiнiң сапасын арттыруға, жұмыспен қамтамасыз етуге, жұмыссыздық деңгейiн төмендетуге негiзделген саясат жүргiзiледi. Сонымен қатар халықтың өмiр сүру сапасына табиғи орта да әсер етедi. Қазақстанның аумағының 75%-ға жуығы экономикалық тұрақсыздықтың жоғары деңгейiне ұшырап отыр, яғни шөлейттену мәселесi өткiр қойылып отыр. Өнеркәсiптерден қалған қалдықтар және олардан бөлiнетiн улы заттар қалдықтарының өсуi қоршаған ортаның ластануы мен халықтың денсаулығына зиян келтiредi.

Өмiр сүру сапасын арттыру мақсатына жету үшiн келесi тапсырмаларды орындау қажет:

- өмiр сүру ұзақтығын көтеру. Ол үшiн елдегi бала тууды ынталандырып ғана қоймай, сонымен қатар адамдардың өмiрiн сақтау керек және өмiр сүру ұзақтығының гендiрлiк айырмашылығына көңiл аудару қажет;

- денсаулық сақтау мәселесiн шешу соның iшiнде бала мен ананың өлiмiн қысқарту және ВИЧ (АҚТБ) жұқпалы инфекциясын таралуын тоқтату, халықтың осындай және басқада аурулармен ауруына жол бермеу;

– кәсіби және білікті үкіметтің құрылуы, биліктің бір орталыққа бағынуы және жемқорлықпен күресу;

– жоғарғы деңгейдегі сапалы білімді қайта қалпына келтіру, сонымен қатар одан әрі даму;

– негізгі және қолданбалы ғылымның дамуына көмектесу.

Конституцияда көрсетілгендей Қазақстан Республикасы демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және басты құндылығы адам және оның өмірі, құқығы, бостандығы болып табылады. Осыған байланысты әлеуметтік саясаттың негізгі және маңызды тапсырмасы – халықтың өмір сүру сапасын көтеру.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Қазақстан халқының өмір сүру сапасында үлкен өзгерістер болды. Қазақстанға кедейшілік пен жоқшылыққа қарсы күресте маңызды табыстарға жетті. Егер 2006 жылы азаматтардың ең төменгі күнкөріс деңгейі 18,2 %, бұл көрсеткіш 2012 жылы 5,3 % құрады.

2012 жылы ауылдық елді мекендерде кедейлік деңгейі қалаға қарағанда 3,7 есе өсті, бұл көрсеткіш 2007 жылы 2,6 есе айырмашылықты құрады.

Мемлекеттің қолданған шараларына қарамастан халықтың сапалы өмір сүруі бойынша қала тұрғындарының көрсеткіштері ауыл тұрғындарына қарағанда басым. Қазақстанда ауылдық жерлерде адамдардың 45,5 % мекендейді, сондықтан кедейлікпен күресе отырып Қазақстандағы сапалы өмір сүру көрсеткішін артыруға болады. Әлемдік экономикада бәсекеге қабілетті елдердің жыл сайынғы рейтингі бойынша Қазақстан 72 орыннан 51 орынға бірақ көтерілді [1].

Қазақстанның президенті айтып өткендей: «Алдағы он жылдықтың негізгі мақсаты – Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін мен сапасын жақсарту және әлеуметтік тұрақтылықты нығайту». Қазақстан ПРООН бағалауымен адамдардың даму индексінің рейтингінде 2012 жылы 185 елдердің ішінде 69 орынды алды, 1995 жылдан 2012 жыл аралығында Қазақстан бағасы 0,642 ден 0,754 ке өсті және жоғарғы дамыған елдер тізімінің ортасында болып табылады. Жалпы елдердің көрсеткіштеріне әлеуметтік теңсіздік, экологиялық мәселелер және өмір сүру ұзақтығының төмендігі әсер етеді. 2012 жылы Legatum Institute танымал институтының құрастырған әлем елдерінің өмір сүру деңгейінің рейтингінде Қазақстан Тайланд пен Тринидад және Тобаго елдерінің арасында 46 орынды иеленді. Ал Ресей 59 орында.

Қазақстанда соңғы он жылдықта халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерінде жағымды өзгерістер пайда болды яғни тұрғындардың төменгі кіріс бөлігі қысқарды.

Республикада алдыңғы жылмен салыстырғанда 2012 жылы 5,4 % дейін жұмыссыздық деңгейі төмендегенін байқауға болады. Соңғы 10 жылдықтағы өздігінен белсенді халықтың орташа көрсеткіші 2,6-2,7 миллион адам шегінде, яғни бұл елдегі экономикалық белсенді халықтың жалпы көрсеткішінің 30 % құрайды. Адамдардың сапалы өмір сүруінің қалыптасуына әсер ететін негізгі индикатор ол елдегі адамдарды жоғарғы сапалы білімі. Қазіргі уақытта Қазақстан халқының білім беру деңгейі 99,7 % құрайды. Бұл жетістіктерге жету үшін мемлекеттік бюджеттен білім алуға бөлінетін шығынның көп болуы және 2012 жылы бұл көрсеткіш ЖІӨ – нен 4,2 % құрады. Осыған байланысты Қазақстан ЮНЕСКО ұсынған ЖІӨ нормасына 5-6 % жақындап келеді.

2012 жылдың басынан басстап мемлекеттің барлық тұрғын үй қоры 283,9 млн шаршы метрді құрайды, оның ішінде 167,3 млн шаршы метрі немесе 58,9 % қалада және қалалық елді мекендерде орналасқан, ал 116,6 млн шаршы метр (41,1 %) ауылдық жерлерде орналасқан. Сонымен қазіргі уақытта тұрғын үй қорының 96,3% мемлекет тұрғындарының жеке меншігі болып табылады және 3,7 пайызы ғана (10,3 млн шаршы метр) мемлекеттік болып қалған.

Жаңа тұрғын үй құрылыстарының салынып жатқанына қарамастан соңғы 6-7 жылдары, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету өзекті мәселе болып отыр. Көптеген отбасылар тұрғын үй мәселесін жақсартумен қатар, соңғы он жылдықта ауылды мекендерден көшіп келген халық қалаларда өз жеке үйлері болуын қалайды.

Қазіргі кезде Қазақстанда халықтың сапалы өмір сүру үшін көптеген проблемалардың шешімін табу керек. Мәселен, солардың бірі ауыл адамдарының өмір сүру сапасының қаладан төмен болуын ауыз суының жетіспеушілігімен түсіндіріледі. Қазақстан жан басына шаққанда сумен қамтамасыз ету көрсеткіші бойынша ТМД елдерінің ішінде соңғы орынды алады. Әрине сапасыз суды пайдалану елдегі адамдардың денсаулығына кері әсерін тигізеді. Қазақстан Республикасының Денсаулық Министрлігінің бағасы бойынша еліміздегі адмдардың ауруының 80,0 % төменгі сапалы судың нәтижесінде болып отыр [3, б. 180-185].

Сапалы өмір сүруді сипаттайтын келесі аспект – тұрғылықтың жердің экологиялық жағдайы. Ауа – адам денсаулығының ең

маңызды компоненті. Атмосфералық ауа – адамдардың тіршілік ету ортасы және оның сапасынан адамдардың денсаулығы тәуелді және физикалық даму деңгейі, ауруға шалдығулары, өмір сүру ұзақтығы, жалпы алғанда тұрғындардың өмір сүру сапасы. Қалалардағы атмосфераның ластануына автокөліктерден шығатын неше түрлі газдар да әсер етеді. Осы зиянды факторлардың бәрі адамның денсаулығына кері әсер етеді.

Сонымен, туберкулезбен ауыратын адамдардың деңгейі 2012 жылы 95,3 – тен 86,6 – ға, яғни 100000 адмға азайды. Қазақстан да 80 % жуық адамдардың өлімі туберкулезбен тыныс алу мүшелері және басқа да жұқпалы аурулардан болып отыр. Әлемнің басқа мемлекеттерінде сияқты Қазақстанда туберкулез ауруының таралуы әлеуметтік және экономикалық факторларға тәуелді сонымен қатар жергілікті жердің экологиялық жағдайы, көлем мен сапасы, адамдарға емдік сауықтыру шараларды көрсетілуі. Қазақстанның әлеуметтік мемлекет ретіндегі негізгі міндеті – адамдардың кіріс мөлшерінің көбеюі мен тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсарту және кедейшілікті төмендету. Қазақстан Республикасының президентінің барлық жолдауында көрсетілгендей мемлекеттік саясатта бірінші жоспарда Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы, өмір сүруінің жақсаруы мен адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету.

Қазіргі кезде өмір сүру сапасының жаңа стандарттарына арналған екі заң жобасы әзірленді. Бұл жобаларға сәйкес, жаңа стандарттар Қазақстан Республикасының, таза ауыз сумен, халқын жұмыспен, денсаулық сақтау мен біліммен баспанамен қамту сияқты негізгі мәселелер қарастырылатын болады. Осының бәрін заң жүзінде бекітілген жағдайда, мемлекеттік органдар осы заңның негізінде жұмыс істеуге міндеттеледі.

Қазақстан Республикасы жоғарғы деңгейде дамуының бірде-бір бірлігі болып табылатын өмір сүру сапасы мен деңгейі бойынша дүние жүзі елдерінің ішінде соңғы орындарды алып тұр. Өмір сүру сапасы негізгі құрамдас бөліктері ретінде әл-ауқатының деңгейін, өмір сүрудің ұзақтығы және қоршаған ортаның жағдайын айтуға болады. Халықаралық деңгейдегі университеттердің зерттеулеріне сүйене отырып өмір сүру сапасы индексі бойынша рейтинг құрастырылды. Алдыңғы орындағы Норвегияның коэффициенті – 3,83, Ресей – 1,57, Қытай – 0,34-ке тең, ал Қазақстан 1,17 коэффициентпен 78-орында иеленді. Қазақстандағы адамдардың өмір сүру ұзақтығы 2005 жылы 65,9 жасты құрады, ал Жапония елінде 80 жасты құрайды бұл көрсеткіштерге қарай Қазақстан

Республикасы халықтың өмір сүру деңгейі мен денсаулық сақтау жағдайы жағынан артта қалып отыр.

Йель экологиялық заңнама және саясат жөніндегі орталық (Йель университеті, АҚШ) пен Жер туралы ғылымдар халықаралық ақпараттық желісінің колумбиялық орталығының (Колумбия университеті, АҚШ) экологиялық орнықтылық индексі бойынша мемлекеттің әлеуметтік және институционалдық мүмкіндіктері мен халық денсаулығының экологиялық аспектілерін, халықаралық белсенділігін, экожүйенің жай-күйінің, экологиялық күйзелістердінің көрсеткіштерін қоса алып есептегенде (76 параметр есебінде) Қазақстан Республикасы 63,8 индексімен 70-орында, ал Жаңа Зеландия, Швеция және Финляндияда бұл көрсеткіш 87-88 баллмен көшбастап отыр. Қазақстан адам әлеуетінің даму индексі (АӘДИ) бойынша елдер рейтингінде 80-орынға ие.

Сонымен, Қазақстан Республикасы өмір сүру сапасы деңгейі бойынша дүние жүзінің дамыған елдердің қатарында кіру үшін 2024 жылға дейін адамдардың өмір сүру жасын ұзарту мен оның сапасын арттыру, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, экологиялық орнықтылық индексінің өсуін қамтамасыз ету қажет.

Өмір сүру сапасы негізгі құрамдас бөліктері болып табылатын халық және халық тығыздығы. Қазақстан Республикасының орнықты дамуының негізгі бірлігі – халық саны. Мемлекеттің дамуына кедергі жасайтын фактор – халық тығыздығының төмен болуы [4, б. 201-205].

Қазіргі кезде негізгі максаттардың бірі болып 2024 жылға қарай 18 миллион адам санын көбейту болып табылады. Ең алдымен табиғи өсім көрсеткішін 1000 адамға шаққанда 12,68-ге жеткізу, ал өмір сүрудің орташа ұзақтығын 73 жасқа, туу көрсеткішін 1000 адамға шаққанда 22 адам деңгейінде қалыпты ұстап тұру керек. Халықтың өмір сүру деңгейін артыру үшін сонымен қатар экологиялық талаптарды арттырып, қоршаған ортаға антропогендік қысымды азайту қажет. Ол үшін 2024 жылға қарай экологиялық орнықтылық индексі ең кем дегенде, 88 баллға дейін жеткізу қажет болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі №302 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама.

2 Қазақ Ұлттық Энциклопедия 4 том. – Алматы. – 375 б.

3 Оразбекова К. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болшақтың бастауы хақында. – Алматы: Дәуір, 2000 ж. –201 бет

4 Икенов.А.И., Жусіпова А.Д. Әлеуметтану негіздері: Оқу құралы. – Алматы, 2004. – 208 бет.

5 Байжұманов Ә. Адам дамуы: Оқу құралы. – Астана: ҚазЭҚХСУ БПО, 2012. –164 б.

ЖҰМБАҚ ТАС - БӨРІТОСТАҒАН

ҚҰСМАНОВА М.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Шығыс Қазақстан облысы,Тарбағатай өңірінде ерекше бір тас бар. Жай тас емес, айдалада жатқан алып тас. «Бөрітостаған» тасы (кейбіреулер оны Бөрітастаған деседі) деп атайды жұрт мұны.

Ерекшелігі - бұл тас басқа таулардан бөлек, мидай жазық далада жатыр. Тау жыныстары одан 50-60 шақырым қашықтықта орналасқан. Осыдан бірнеше жыл бұрын ғалымдар «Бөрітостаған» жартасы аспаннан метеорит ретінде түсті деген болжамдар айтқан.

Бөрітастаған жартасы аспаннан түсті деген болжамды ең алғаш 1958-1959 жылдары айтқан болатын. Сол кездегі ғалымдардың дәлелі-оның сыртқы аэродинамикалық формасымен бетінің қатты балқығандығы еді. Физика-математика ғылымдарының кандидаты Токтар Нүрекенов 1959 жылы осы жартас туралы ойын Қазақ ССР ғылым академиясының мүше корреспонденті Г.Ц. Медоевке білдірген болатын. Ол кісі «Бұл тас аспаннан түспеген, жер бетінде пайда болған» деген тұжырымға келген. Сондықтан да физика-математика ғылымдарының докторы Т.Нүрекенов тастың 5 килограммға жуығын Москваға, метеориттік комитетке жіберген, бірақ, неге екені белгісіз, күні бүгінге дейін жауап болмаған. Ғылыми тұрғыдан қарасақ, Бөртостағанның жынысы мұхит пен теңіз түбінде кварц пен халцедон минералдарымен цементтелген граниттің шөгіндісі. Сыртынан қарағанда аспаннан өртеніп түскендей әсер қалдырады. Қып-қызыл, жырым-жырым бір бағытта төмен қарай созылған жолақтар. Айдалада жатқан жалғыз жартас.

Тастың өң бойы, айналасы қара әйнекпен қапталған шұңғылдарға толы. Астындағы қуыстарда шлақтың қалдықтары шашылып жатыр. Әрине, бұл көрініс оның су ішінде пайда

болғандығына қайшы келеді. Алғаш көргенде-ақ оны аспаннан түсті десе сенгендейсіз. Солай болғанның өзінде оның аспаннан түскенін геологиялық, химиялық жолмен, аэродинамикалық әдіспен дәлелдеген. Ол дәлелдер- кварц тасының қасиетіне негізделген.

Кремний қос тотығының табиғат жағдайында балқып өте тез суып, кварц әйнегіне айналған түрін лешательерит дейді. Кварц әйнегін басқадай жолмен суыту арқылы заводтарда да алады. Демек, табиғатта қалыпты қысымда кварц әйнегі түзілу үшін екі түрлі жағдай керек: кварцтың балқуы, сонан соң тез сууы. Екіншіден, жоғарғы қысым мен температура кварц әйнегінің басқандай түрлерін туғызады.

Зерттеушілер «Бөрітостағанның» жынысы кварц пен цементтелген граниттің үгіндісі деген. Олай болса, оның жынысында кремнийдің қос тотығы көп мөлшерде кездеседі. Ал ол аспаннан түскен болса, оның сыртында кварц әйнегі болуы тиіс. Өйткені қандай да бір үлкен дене, үлкен жылдамдықпен кварц жердің атмосферасына түскенде үлкен қысымға түсіп қызады, ал оның іші өте суық болғандықтан, кварц әйнегінің түзілуіне жағдай туатыны түсінікті. Шынында да, Бөрітостаған жартастың беті кварц әйнегінің негізінен су тимеген жерлерінде жақсы сақталған. Оның сыртқы жынысы негізінен дала шпаты мен кварц әйнегінен тұрады. Беткі қабаты қатты қысыммен жылудың әсерінен балқып, бір-бірімен қабысып, жымдасып қалған. Бұлай болмаған күнде қысқы суық пен жазғы ыстық аптаптың, қар мен жаңбырдың әсерінен тастың үстіңгі қабаты әлдеқашан мүжіліп қалған болар еді.

«Бөрітостағанның» бетінің жоғарғы температурада күйгендігінің тағы аса сенімді дәлелі-ондағы кварц кристалдарының кристоболитке айналуы. Тіпті кварц кристалдарының кейбірі кварц әйнегіне айналған.

«Зайсан» құламасының оңтүстік-батыс бөлігін Ақсуаттың иілмесі алып жатыр. «Бөрітостағанның» жатқан жері осы ойықтың шеті. Ақсуаттың иілмесі геологиялық жағынан жақсы зерттелмеген. Ал геофизикалық зерттеулерге сүйенсек Ақсуат иілмесінің палеозой фундаменті бірнеше жүз метрлік тереңдікте деуге болады.

«Боғас» өзенінің таудан шыға беріс жерінде шөгіндінің палеозойлық фундаментке дейінгі қалыңдығы 30-120 метр. Оның үстіне бұл жер аллювиальды – көлдік жазықтық. Демек, ол кездегі көл мен кайназойлық шөгінді жыныс «Бөрітостағанның» жұмсақ конуына, ал қиғаш және жақын жатқан палеозой фундаменті оның сырғанап түсуіне себеп болды. Сондықтан ол сынбай тұтас қалған.

Зайсан құламасы ұсақ көлдермен төмен түскен батуларға (погружение) бай. Олардың көбі Бөрітастаған түскен кезде пайда болған метеориттік кратерлер болуы мүмкін.

«Бөрітастағанның» сынықтары Ақсуат маңайында шашылып жатыр. Мысалы, жынысы «Бөрітастағанның» жынысы мен бірдей сынық гранит жартастар тізбегі «Кіндікті» деген савхоз бөлімшесімен «Бөрітастағанның» арасындағы далада қатпарланып жатыр.

Ал, енді Қарғыба өзенінің таудан шыға берісіндегі сынықтарға ерекше тоқталған жөн. Ол сынықтардың жынысы «Бөрітастағанның» жынысымен бірдей. «Бөрітастағанның» бір бөлігі осы жердің маңайындағы тау жыныстарымен соғылысқанға ұқсайды. Оған дәлел, жаңағы айтылған сынықтармен таудың осы жердегі ойықтығы.

«Бөрітастаған» басқа метеориттер сияқты неге быт-шыты шығып таралып кетпеген? Зерттеушілер бұл сұраққа да жауап іздеп көрген.

Оның жынысы граниттің шөгіндісі екенін және ол шөгінді кварцпен цементтелген екенін алдында айтып өткен болатынбыз. Ал оның өн бойындағы майда тесіктер кварц кристаллігі мен толғанымен, бос орындар қалып қойған. Демек жынысы өте қатты болғанымен белгілі тор көз тәртібімен орналаспаған. Сондықтан өте жоғары аэродинамикалық қысым кезінде ол жартылай 10-15 см әрі қарай цементтік байланыстар босап, қысым күшінің жұмысы жылу энергиясына айналған. Демек, қысым кернеуі одан әрі тарап тереңге кетпеген. «Бөрітастағанның» сынбай қалуының себебі осы.

«Бөрітастағанның» пайда болуын ғылыми тұрғыда дәлелдесе де, ел аузындағы аңызға да көңіл бөлгенді жөн көрдім. Мен Тарбағатай ауданына осы тасты көруге барғанда сол жердегі өлкетанушылар осы тас жайында бірнеше аңыздар айтты, соның біреуіне тоқталып өтейін.

«Ертеде Тарбағатай тауларының бірінде ірі денелі алып кемпір өмір сүрген екен. Бір күні алып апа отарлы қойын жазыққа жайып қойып, терең ойға батып ұршығын иіріп отырғанда қарайған қасқырды көреді. Отарына да, өзіне де тыным бермеген көкбөрілерге әбден зығырданы қайнаған алып кемпір иіріп отырған ұршығының тасын лақтырып, қасқырларды үркітіп жіберіпті-мыс. Өзі алып болса кемпірдің ұршығы, ұршығының тасы қандай болғаның елестете беріңіз... Осы «Бөрітастаған» сол алып кемпірдің ұршығының тасы екен», - дейді бір аңызда.

Геологтар бұл тас «Мол су қорын басып жатыр дейді. Бұл пікірді жергілікті тұрғындарда, менде құптаймын. Себебі, «Бөрітастағанның» тастарының ортасы үнемі ылғалдынып жатады. «Бөрітастағанның» басына шыққан кезде үңгірлер бар екенін байқадым. Бұл да бір жаңағы сенімге негіз болады.

Жұрт арасындағы аңызы мен ақиқаты аралас әңгіменің бір парасы осындай. Қайсысы рас, қайсысы жалған? Бұл - «Бөрітастағанның» өзіне ғана аян.



Сурет1 – Бөрітастаған жартасы



Сурет 2 – Бөрітастағанның алыстан қарағандағы көрінісі

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нүрекенов Қанат Тоқтарұлы - «Қалдырған ізі мәңгілік», Алматы, 2014
- 2 Өзбеков Сапар Өзбекұлы- « Мұра»

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӨНДІРІС – ӨНІМДІ ӨНДІРУДІҢ ТИІМДІ АЛҒЫШАРТЫ

МУХАМЕДЖАНОВА А. М.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КАКЕЖАНОВА Ш. Қ.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қалдықтар – потенциалды шикізат көзі. Қалдықтарды қосымша шикізат ретінде тиімді пайдалану көптеген мәселелердің шешу жолдарын ашуға мүмкіндік береді. Қалдықтарды қайтадан қолдану қоршаған ортаны қорғаумен, бастапқы материалдарды, электр энергияны үнемдеумен, еңбек ресурстарын босатумен байланысты көптеген мәселелерді шешуге жол ашады.

Халық шаруашылығында жыл сайын шығатын қалдықтардың көлемі 1 миллиард тоннадай. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, біздің елде жиналған қатты өндіріс қалдықтарының көлемі 20 млрд. тонна шамасында.

Қалдықсыз өндіріс — өндіріс барысында табиғатқа зиянды қалдықтар шығарылмайтын процесс. Шаруашылық іс-әрекет үшін шартты ұғым. Шын мәнінде кез келген қалдықсыз өндірісте пайдаланылған энергия түрінде болса да қалдықтар болады. Қалдықсыз өндіріс үшін қалдығы аз өндіріс термині дәлірек келеді [1, б. 185].

Тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтар - түзілген жерлерінде пайдаланылмайтын, ауыл шаруашылығының басқа салаларында өнім ретінде немесе қайта өңдеу арқылы пайдалануға болатын өнеркәсіп, тұрмыс, транспорт және т.б. қоқыстар тұрмыстық қалдықтар адам өміріндегі заттарды (монша, кір жуу, асхана, емхана және т.б. қоса) пайдаланғаннан кейін қалатын, тұрмыста пайдаға аспайтын қатты (сондай-ақ ақпа сулардың қатты бөлігі - тұнбалары) қалдықтар. Тұрмыстық қалдықтар әлемнің көптеген елдерінің проблемасы. Мысалы, АҚШ-та жыл сайын 150 млн тоннадан аса, Жапонияда - 72 млн тоннадан аса қалдықтар бөлінеді. Осыған байланысты қазіргі кезде көптеген елдерде қоқыстарды өңдеу қондырғылары (тәулігіне 900 тоннаға дейін) орнатыла бастады. Соңғы жылдары тірі организмдердің улануына алып келетін қауіпті, улы қалдықтардың мөлшері көбеюде. Бұл - ауыл шаруашылығында пайдаланылмай қалған улы химикаттар, құрамында канцерогенді және мутагенді заттары бар өндіріс орындарының қалдықтары.

Қалдықсыз өндірістер - өнімдерді өндіруде тиімділікке бастайтын үдерістер. Қазіргі уақытта Қазақстанда ауыл шаруашылығы қалдықтары көбінесе топыраққа енгізіледі немесе өртеледі, бірақ осыған қарамастан ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтарын кешенді өңдеудің тиімді технологиялары бастапқы шикізатты кеңінен қолдануға, сонымен қатар, олардың қалдықтарынан құнды өнім целлюлоза, ксилоза және олардың туындылары - глюкоза, полиол, сорбит алуға мүмкіндік бар.

Ауыл шаруашылығы шикізаты қалдықтарын қайта өңдеу мәселелерін шешуге арналып құрылған жігі биотехнологиялар өсімдіктер қоры мен ауыл шаруашылық қалдықтарын өсімдік полимерлерінің гидролизіне қатысатын, белсенді құрылымдық ферменттер өндіруге қабілетті микроорганизмді өндіріс қолданысының аумағына тарту жолымен қайта өңдеуді қарастырады. Бұл ретте, жыл сайын жаңартылмалы және іс жүзінде сарқылмайтын энергия қоры болып келетін, өсімдік қоры халықтың әл-ауқаты мен өміріне маңызы бар әр түрлі пайдалы заттар өндірісі үшін маңызды шикізат көзі болып келеді. Ауыл шаруашылығы өндірісі қалдықтарын терең өңдеу технологиясының дамуы қалдықсыз өндірісті дамытуға, бірқатар экологиялық мәселелерді шешуге, сонымен қатар, отандық өндіріс шығаратын өнімнің спектрін кеңейтуге, түрлерін арттыруға мүмкіндік береді.

Қалдықсыз өндіріс өндіріске енгізілген табиғи ресурстарды неғұрлым тиімді және үнемді пайдалану үшін шешімдер қабылдау үшін қажет.

Территориялық-өндірістік кешендер ішіндегі энергия мен заттар ағынына талдау нәтижесі әрбір келесі кезеңде алынатын өнімдердің массасы, алдыңғы кезеңдегі өнімдердің массасынан түрлі: газ, сұйық күйдегі қалатын қалдық мөлшерінің аз болатынын көрсетті. Ал бұл қалдықтардың өзін де белгілі мақсатқа пайдалануға болады. Өндірісті қарқынды етуге байланысты қалдықтар мен қосымша өнімдерді өндірісте қайтадан пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа экологиялық таза технологиялар пайда болды. Қалдықтардың түзілуін азайта отырып, өндірістің рентабельділігін, ресурстарды пайдалану коэффициентін көтеруге және соның нәтижесінде табиғатты қорғау іс-шараларына жұмсалатын шығындарды азайтуға болады.

Қалдықсыз өнім өндірісінің мәні жұмсалатын ресурстарды толық пайдалану арқылы биосфераның ластануына жол бермеу. Практика жүзінде қалдықсыз өнім өндіруді жүзеге асыру өте қиын. Қалдықсыз өнімдерді өндіруге технологиялық процестер мен құрал-

жабдықтардың тиімділіктерін арттыру, рекуперацияны пайдалану, қолданылып келе жатқан технологиялық процестерді анағұрлым экологиялық жағынан таза процестермен алмастыру т.б. арқылы жетуге болады [2, б. 89].

Қалдықсыз өнім өндірісін енгізуден не күтуге болады? Тәжірибе көрсеткендей, олар: биосфераға келетін шығынды төмендету, шикізат пен энергетикалық ресурстарды үнемдеу, шикізат базасын кеңейту, қалдықтарға жұмсалатын шығындарды азайту және т.б.

Қалдықсыз өнім шығару технологиясының ең жақсы мысалы хромдау гальваникалық цехының қазіргі заманғы технологиялары. Бұл технология бойынша, шайылатын судағы ауыр металдардың иондары тазартқыш қондырғыға сіңіріліп, хромдау ваннасына қайтып келеді, ал тазартылған технологиялық су хромдалған детальдарды жууға қайтадан қолданылады. Бұндай мысалдарды көптеп кездестіруге болады.

Қалдықсыз өнім өндірістері болашақта өнеркәсіптің биосфераға зиянды әсерлерін түгелдей жою, табиғат ресурстарын өндіру, қайта өңдеу және пайдалану, өнім өндіру кезіндегі келтірілетін шығындарды толығымен жою мәселелерін шешетін болады.

Қалдықсыз өндіріс кезінде бастапқыда барлық шикізат соңғы қорытындыда осы немесе өзге өнімге айналады. Қалдықсыз технология – бұл өнімді өндірудің тәсілі, энергия мен шикізат кезеңінде кешенді және әбден орынды түрде пайдаланылады. Атап айтқанда: шикізат ресурстары — өндіріс - тұтыну — қайталама шикізат ресурстары, яғни, кез келген қоршаған ортаға болатын әсерлер оның қалыпты жұмыс істеуін бұзбайды.

Практика көрсеткендей, олар: биосфераға келетін шығынды төмендету, шикізат пен энергетикалық ресурстарды үнемдеу, шикізат базасын кеңейту, қалдықтарға жұмсалатын шығынды азайту, т.с.с. Қалдықсыз өнім шығару технологиясының ең жақсы мысалы хромдау гальваникалық цехының қазіргі заманғы технологиясы. Бұл технология бойынша, шайылатын судағы ауыр металл иондары тазартқыш қондырғыға сіңіріліп, хромдау ваннасына қайтып келеді, ал тазартылған технологиялық су хромдалған детальдарды жууға қайтадан қолданылады. Бұндай мысалдарды көптеп кездестіруге болады. Қалдықсыз өнім өндірістері болашақта өнеркәсіптің биосфераға зиянды әсерін түгелдей жою, табиғи ресурстарды өндіру, қайта өңдеу және пайдалану, өнім өндіру кезіндегі келтірілетін шығындарды толығымен жою проблемаларын шешеді деп

ойлаймыз. Сонымен, қалдықсыз өндіріс орны табиғи экологиялық жүйе мен үйлесімі бойымша ұйымдастырылған іс жүзіндегі тұйықталған жүйе болып тұр. Бұл жерде, тіршілік әрекетіндегі бір организмдермен пайдаланылады және заттектердің өзін-өзі реттейтін биохимиялық айналымы толықтай жүзеге асып жатады. Қалдықсыз өндірісті» маңызды ережесін белгілеу — шикізаттың барлық компоненттерін ұтымды және кешенді түрде пайдалану. Сонымен, өндірістің қоршаған ортаға сөзсіз болатын ықпал етуі оның қалыпты жұмыс істеуін бұзбайды. Қоршаған ортаға соншама түсетін салмақ жол берілген экологиялық мөлшерден аспайтынын тиісінше ескеру қажет [3, б. 152].

Қалдықсыз өндірісті дамыту мәселелері өзекті болып саналады. Қалдықсыз кен қалдығы аз өндірісті жасау жер қойнауының байлықтарын неғұрлым толық пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етеді.

Қалдықсыз өндірісті құру ұзақ мерзімге созылатын процесс. Сонымен қатар, өзара байланысты, үйлесімді бірқатар технологиялық, экономикалық, ұйымдастырушылық және басқа да күрделі міндеттердің шешімін талап етеді.

Атап айтқанда, қалдығы аз ресурс үнемдеуші технологияны енгізу жалпы бірқатар талаптарды ұсынады:

- оның барлық компоненттерін пайдалана отырып, шикізатты кешенді түрде өңдеу;
- жоғары технологиялық автоматтандырылған жүйеге ғылыми сыйымдылықты енгізу; электроникаландыру мен роботтандыру; автоматтандыру негізінде өндірістік процестерді қарқындыландыру;
- өндірістік қалдықтарды барынша азайту кезінде материалдар ағынының кезеңділігі мен тұйықтылығы;
- жеке операциялардың технологиялық процестерге бөлінуін азайту, шикізаттан соңғы өнімге дейін ауысу сатысының аралық санын қысқарту;
- үздіксіз процестерді қолдану мен технологиялық кезеңдер уақытын қысқарту;
- энергия мен табиғи ресурстарды тұтыну үлесін қысқарту, бастапқы ресурстарды қайта өңделген ресурстармен барынша алмастыру, жанама өнімдер мен қалдықтардың негізгі процестерге қайта айналуы, артық энергияны қалпына келтіру;
- энергия ресурстарының барлық әлеуетін барынша пайдалануды қамтамасыз ететін құрастырылған энерготехнологиялық процестерді қолдану;

– қалдықтарды залалсыздандыру жолымен табиғи күйіне дейін жеткізу немесе пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін биологиялық процестерді және физика-химиялық базасының негізінде экологиялық биотехнологияны енгізу;

– өндіріс пен тұтыну, табиғатты пайдалану саласын қамтитын интегралды технологияны құру [4, б. 205].

Осы тұрғыда өндірістік процестердің жүйелі талдауы жаңа кезеңнің технологиясын құру жолын анықтауға мүмкіндік береді.

Қалдығы аз ресурс үнемдеуші технологияны енгізудің талаптары:

– оның барлық компоненттерін пайдалана отырып, шикізатты кешенді түрде өндеу.

– жоғары технологиялық автоматтандырылған жүйеге ғылыми сыйымдылықты енгізу; электроникаландыру мен роботтандыру; автоматтандыру негізінде өндірістік процестерді қарқындыландыру.

– өндірістік қалдықтарды барынша азайту кезеңінде материалдар ағынының кезеңділігі мен тұйықтылығы.

Әр өнеркәсіп өндірістері өнім өндіруге ғана назарларын аударып қоймай, қор айналымын жүзеге асыратын әдістерге көшсе, қоршаған орта ластанудан қорғалынады. Аз немесе қалдықсыз технологиялық кешендер ұйымдастыру қажеттілігі айқын, яғни бір жердің шеңберінен аспайтын қалдықсыз өндірістер емес, қалдықсыз өндірістік кешендер туралы сөз көтерілгені орынды. Бұл жағдайда бір өндірістің қалдығы басқа өндіріске шикізат ретінде пайдаланылады.

Қалдықтар өте көп мөлшерде пайдалы кендерді шығарғанда және байытқанда пайда болған. Қазіргі кезде қолданылатын технологияларға байланысты бастапқы алынған шикізат мөлшерінің 10 пайызы қалдыққа айналып отырады. Осыған байланысты бос жыныстан тұратын таулар пайда болады, көп көлемді сулар ағынға жіберіледі.

Қазіргі кезде өнеркәсіптер мен кәсіпорындардың жаппай дамуы адамдар мен табиғат ара қатынасын қатты шиеленістіріп барады. Өнеркәсібі дамыған бірқатар елдерде қоршаған ортаның нашарлағаны сонша, енді адамдар денсаулығына зардабын тигізе бастады, жер бетінде экологиялық дағдарыс басталды. Адамдардың шаруашылық қызметі қазіргі кезде биосфераны ластаушылардың негізгі көзі болып отыр. Табиғи ортаға күн сайын, сұйық және қатты қалдықтар түсіп отырады. Осы қалдықтардағы әр түрлі химиялық заттар

ауаға, суға және топыраққа түсіп, бір трофикалық тізбектен екіншісіне өте отырып, соңынан адам организміне келіп түседі [5, б. 55].

Әзірге ондай 40 –қа жуық қондырғы бар. Сондай-ақ еңбекті жаңа үздік үлгілерге сай ұйымдастырмайынша, жаңа қазіргі заманға технологиялық әдістерді енгізбейінше, ең ақыры адамның табиғатқа деген көзқарасы өзгермейінше, ауаның ластануын тоқтату мүмкін емес. Бұл бағытта да экологияны басқару істерін жандандыру кезек күттірмейтін мәселе. Мұнай-газ өндіретін аймақтардың осы күнгі экологиялық жағдайы саладағы әдебиеттерге, мұнай-газ өнеркәсібінің табиғатқа тигізіп жатқан кері әсерлері және оны азайтудың жолдары жайлы орындаған ғылыми зерттеу жұмыстарында қарастырылып, қоршаған ортаны қорғаудың нормалық құжаттарында талдау жасалынды [6, б. 10].

Табиғи ортада экологиялық дағдарыстың неғұрлым қауіпті көріністері белең алған: кейбір аймақтарда топырақтың тозуы, су ресурстарының тартылуы, ластануы, техногендік шөлейттену, тірі табиғаттың генетикалық қорының бүлінуі, тіршілікке қатер төндіретін қауіпті улы қалдықтардың қордалануы. Еліміздегі осындай экологиялық дағдарысқа химия, мұнай, металлургия, отын өнеркәсіптерінің жедел және мөлшерден тыс дамуы үлкен әсерін тигізуде.

Тұжырымдайтын болсақ, бүгінгі таңда қалдықсыз өндірістің әр түрлі технологиялары жарық көруде. Атмосфераның ластануын тоқтату үшін ең алдымен ауа тазартқыш, түтін тұтқыш қондырғылар орнатылуын қамтамасыз ету қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тайжұманов С.И. Табиғи кешендер дамуы. Оқу құралы. – Алматы: Руханият, 2004. – 205 бет.
- 2 С.Әубәкіров. «Экологиятану». – Алматы «Ғылым», 1995. – 288 бет.
- 3 Жамалбеков Е.У., Білдебаев Р. Экология мәселелері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 194 бет.
- 4 Әлімбаев С. Т. Табиғатты пайдалану және оны қорғау негіздері. – Алматы: Экология, 2006. – 236 бет.
- 5 Құсайынов С. А. Жалпы геоморфология : оқулық. – Өнд., толықт., 2-бас. – Алматы : Қазақ университеті, 2006. – 292 б.
- 6 Жантуева Ш.А., Геско Е.А. Ертіс алабы және экология. Оқу-әдістемелік кешені

7 Бейсенова Ә. С., Самакова А. Б., Есполов Б. И., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табиғатты пайдалану : оқулық.–Алматы : Ғылым, 2004. – 328 б.

8 Пазылова Р.Г. Қалдықсыз өндірісті іске асырудың тиімділік жолдары // Орта Азия және Қазақстан халықтары рухани құндылықтарының жаһандануы мен өркениеті: халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Шымкент, 2007. – 428-432 бет.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ТУРИЗМІ

МУХИДЕНОВА М. М.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЕРУБАЕВА Л. Ж.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жазғы үлкен үзіліс, ұзақ оқу жылынан кейін мектеп оқушыларының денсаулығын бекіту, денесін шынықтыру, күш жинау үшін беріледі. Бірақ бұл да олардың рухани баю, өз күштерін тексеру және байқап көру, қоршаған ортаны игеру және түсіну уақыты. Балалардың белсенді демалысы әдеттегідей спорт-сауықтыру лагерлерінде, шипажайларда, мектеп қарамағындағы жазғы сауықтыру лагерлерінде өтеді.

Жазғы лагерь – мектеп жасындағы балалар арасында тараған демалыстың бір түрі. Балалар үшін демалысын лагерьде өткізу, бұл өзінің дербестігін көрсетуге жақсы мүмкіндік. Әлем бойынша жазғы лагерьлер табиғатта, орманды жерлерде орналасқан. Демалып жатқан балалар жаяу жүріп, әр түрлі жаттығулар жасап, кешкісін оттын жанында әңгімелесіп отырған. Қазіргі кезде лагерьлер арасындағы бәсекелестіктің өсуіне байланысты, ата-аналардың алдында лагерьлердің алуан түрлелі бар. Мысалы: музыкалық, діни, кол өнер, белгілі бір тілді үйретуге, спорттың әр түріне бағытталған және т.б.

Қала сыртындағы балаларға арналған лагерь балалар денсаулығы үшін өте маңызды. Аталған лагерде балалар жан-жақты дамиды, дене бітімі жақсы жағынан қалыптасып қана қоймай оның жан дүниесі де бірге дамиды, әрі бала бір режимге, өз бетінше өмір сүруге дағдыланады. Қоршаған ортамен байланысы да нығая түседі. Осындай лагерлерде балалар өздеріне жан-жақтан жанына жақын достарын табады.

Баланың жеке басы үшін әр түрлі лагерьлер жақсы әсер қалдырады. Әсіресе қоғамның қысымынан арылады, рухани дамиды, әлеуметтік тұрғыдан жоғары көтеріледі. Сана сезімі, көз-қарасы жан-жақты жақсарады. Баланың жадында қай лагерь болсын өзінің ерекшелігімен сақталады. Сондықтан да лагерьді - қарым-қатынас алмасу ортасы деп те айтуға болады. Баланың шығармашылық әлеуеті де жоғары дамуына ықпалын тигізеді. Әр түрлі шығармашылық тарапынан даму мүмкіндігі артады. Табиғатпен тіл табысады.

Ата-аналар үшін лагердің тұрмыстық жағдайы бірінші орында тұрады, ал балаларға ең маңыздысы бұл емес, олар үшін уақыттың қызықты өтуі, жан-жақты өзіндік дамуы алда тұрады. Балалар үшін лагерьдегі демалыс толық қанды демалыс.

Жазғы ауысымды өткізу қажеттігі келесі жайлардан туындап отыр:

- жазғы жағдайда оқу үрдісін жалғастыру;
- балаларды жазғы уақытта іспен қамту мәселесі;
- оқушылардың денсаулығын бекіту.

Жазғы демалыс кездері Павлодар облысының 1-10 сынып оқушыларының 98,3 пайызы қала сыртындағы және мектеп ішіндегі лагерлерде демала алады. Облыс бойынша 548 лагерьлер жұмыс атқарады. Олардың ішінен 358 мектеп лагерьлері, ал қалған 190 спорттық, экологиялық, шығармашылық және өлкетану бағытында жұмыс жасайды. Балаларды сауықтыруға арналған, қала сыртында 11 демалу зоналары орналасқан. Олардың 5 - жеке меншікті (кесте 1), 6 – мемлекеттік (кесте 2).

Кесте 1 – Жеке меншікті демалу орындары

№	Атауы	Маусым саны	Орналасыру орындарының саны
1.	Балалар сауықтыру лагерьі «Қарлығаш» Баянаул к., Жасыбай к.	4	450
2.	Балалар сауықтыру лагерьі «Орленок» Баянаул к., Сабындыколь к.	5	300
3.	Балалар сауықтыру лагерьі «Мечта» Беловка к., Аксу к.	4	240
4.	Балалар сауықтыру лагерьі «Лесная сказка» Чалдай а., Щербакты ауыданы	4	670
5.	Балалар сауықтыру лагерьі «Электроник» Мичурино а., Павлодар ауданы	3	110

Кесте 2 – Мемлекеттік демалу орындары

№	Атауы	Маусым саны	Орналасыру орындарының саны
1.	Балалар сауықтыру лагері «Ақ желкен» Коктобе а. Май ауданы	3	72
2.	Балалар сауықтыру лагері «Болашақ» Константиновка а., Успенска ауданы	3	70
3.	Балалар сауықтыру лагері «Чайка» Галкино а., Щербакты ауданы	4	100
4.	Балалар сауықтыру лагері «Актогай» Жоламан а., Актогай ауданы	2	100
5.	Оқу-сауықтыру облыстық центры «Жас даурен»	4	150
6.	Балалар сауықтыру лагері «Самал» Федоровка а., Қашыр ауданы	3	90

Әр түрлі шаралардағы балалардың табыстылығы олардың әлеуметтік белсенділігін көтереді, өз күштері мен таланттарына сенімділік береді.

Тамақтандыруды жақсы ұйымдастыру, медициналық бақылау және дұрыс ұйымдастырылған спорт шаралары балаларды сауықтырады.

Экскурсияларға, саяхаттарға, сапарларға баруды жүзеге асыру, балаларға туған өлкесі туралы жаңа білім алуға көмектеседі және өз Отанына ұқыпты және сүйіспеншілікпен қарауға үйретеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Летний лагерь на базе школы» Савченко Е. В., Жиренко О. Е – 2007 г.

2 «Шпаргалки для вожатых. Как эффективно организовать детский отдых» - Савельев Д. А., Симпирович С. В - 2010 г.

ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ЖАРНАМА МЕН ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

НАРБУТИНА А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЕСИМОВА Д. Д.

п.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Дүниежүзілік нарықтың дамуы, кәсіпорындар арасындағы бәсекелестіктер туризм саласындағы жарнамаға жаңа орны мен рөлі туралы сұрақтар әлі қойылады. Өндірістік тауардың дамуы негізінен жарнаманың экономикалық рөлі де өседі. Нарықтық шартта дұрыс ұйымдасқан ақпараттық-жарнамалық әрекет жалпы тек экономикалық жүйеге әсер етпей, сонымен қатар оның саласына, кәсіпорын дәрежесіне және жеке тұтынушыларға да септігін тигізеді.

Қазіргі туризмді жарнамасыз көруге мүмкін емес. Жарнамасыз тауардың кен нарықта қалыптастыруға, ықтимал қажеттіліктерді сұранымға айналдыруға болмайды. Коммерциялық жарнаманың алып машинасы тұтынушыны қалыптастыруға, оған қысым жасап, керекті сенім тәрбиелеуге арналған. Жарнаманың мақсаты сатып алуға деген құмарлықты қыздырып, ықтимал тұтынушыны несиені пайдалануға, қосымша шығындарға итермелейді.

Жарнама - нақтылы өндірушілерге, саудагерлерге, табыстырушының тауарына, қызметіне назар аударту және олардың шотынан, олардың маркасымен осы тауар мен қызметін сатып алдырту мақсатында ұсыныс, тауар мен қызметті сатып алдырту мақсатында ұсыныс, шақыру, кеңес және кепілдеме тарату.

Туристік жарнаманы қалыптастырғандағы ең маңызды мәселе болып туризмдегі маркетингтік зерттеулер, туристік кәсіпорынды нарыктармен, тұтынушылармен, бәсекелестермен және оның қызмет атқару ортасының басқада элементтерімен ақпарат арқылы байланыстыратын объект болып табылады. Кез – келген мұндай зерттеудің алғы шарты ретінде, қабылдау үшін сәйкесті ақпарат қажет болатын басқарушы шешімді атауға болады. Маркетингтік шешімнің мақсаты маркетингтік шешімдерді қабылдауға және солармен байланысты анықсыздық дәрежесін азайтуға арналған ақпараттық – талдау базасын құрумен қорытындыланады. Маркетингтік зерттеудің мән-мағынасы болып маркетингтік қызмет, сонымен қатар онымен қандайда бір жағдайда байланысты процестер мен құбылыстар табылады. Ең маңызды

мәселе – зерттеу объектісін анықтау, өйткені маркетингілік зерттеу объектілерінің бірыңғай сыныптамасы жоқ, осының нәтижесінде әртүрлі авторлардың жарияламаларында әртүрлі тәсілдемелер мен сыныптамалы топтамалар қолданылады. Бұл тарауда маркетингілік зерттеу объектісі болып туристік өнім алынады.

Туризм нарығындағы коммерциялық қызметтің табысы, бірінші кезекте, тартымды, қызықтыратын туристік өніммен анықталады. Сол бойынша қабылданатын стратегиялық шешім, туристік кәсіпорынның жалпы маркетингілік стратегиясы шеңберінде бастаушы болып табылады. Бұл туристік өнімнің – нарыққа ықпал етуші тиімді құрал, кәсіпорынның басты қамқорлығы, пайда алу көзі, сонымен қатар маркетинг кешенінің орталық элементі болумен байланысты. Баға, өткізілім, коммуникациялар өнімнің ерекшеліктеріне негізделеді. Американдық маркетинг-олог С. Маджаро шынында да дұрыс тұжырым жасады: «Егер тауар сатып алушыны және оның қажетсінуін қанағаттандыра алмаса, онда маркетингтің басқа элементтерін қолданумен байланысты, ешқандай қосымша шығындар мен күштер кәсіпорынның рыноктағы жайғасымын жақсартпайды». [1].

Қазіргі заманда жарнаманың өзекті қажеттілігінің жоғарылығы белгілі, ерекше жарнамасыз туризмді қарастыру мүмкін емес.

Жарнама кәсіпорын тауармен қызметтің сату көлемін арттыруға көмектеседі. Жарнама адамға жаңа тауар туралы, оның артықшылығы мен ерекшелігі, қайдан сатып алуға болатыны туралы ақпарат береді. Туристік кәсіпорындар жарнама арқылы жаңа өткізу нарықтарын ашады. Жарнама бәсекелестікпен күресудің негізгі құралы болып табылады, сондықтан ол осы күрестің алдын алып туристік қызмет көрсетудің сапасын жоғарылатуға ат салысады.

Жарнама сату көлемін жоғарылатудың негізгі құралы. Осы арқылы туристік фирмалар өз тауарларын өткізетін нарық масштабын, пайданы жоғарылату, тұрақты және жоғарғы еңбек ақы, болашаққа тұрақтылық пен сенімділікті және коллектив арасында достық қатынасты қамтамасыз етеді.

Жарнама арқылы нарықпен кері қарым - қатынас орнатуға болады. Бұл мүмкіндік тұтынушылар арасында туристік қызметтерге деген сенімділікті туғызады және сол сезімді орнықтырады, туристік қызметтерді жылжытуды бақылауды және өзгерістер енгізуді бақылайды. Жарнаманың тұтынушыға бағытталған мақсатын ескере отырып, оны тек тұтынушыға әсер етуші құрал ретінде емес, сұранысты реттейтін құрал ретінде қарастыруға болады.

Қазақстан Республикасындағы туристік саладағы жарнаманың саласы қазіргі таңда өте өзекті және даму сатысында орналасқан.

Жарнама туристік кәсіпорындағы маркетингте ерекше орын алады, оны сондықтан жиі өзара тәуелсіз бағытта қарастырады. Әлемдік нарықта жарнама маркетингтік кешенді толық пайдаланғанда ғана жоғарғы тиімділікке ие болады.

Қазақстан турөнімінің айырмашылығы мезгіл сипаты, бұл пассивті мезгілде альтернативті туризм дамытуды талап етеді. Ол қарапайым аса қымбат және ірі емес (25-100 орын) орналастыру объектілері стационарлы және уақытша, экологиялық таза туристік маршруттарда орналасқан, тұтынушының 2-3 тұрақтануына есептелген орындар болу керек. Қазақстанның туризм кәсіпкерлігінде белгілі перспективалар бар. Бұл Алматы, Атырау, Астана қалалары. Геосаясаттық жағдай мен табиғи шикізат ресурстары кәсіпкер туристер санының көбеюін, Қазақстанға кәсіпкерлік сұрақтары және халықаралық конвенцияларда қатынасу үшін келушілер өсуін жоспарлауға мүмкіндік береді. Жоғарыда көрсетілген орталықтардың инфрокұрылымы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Алматы қаласы республиканың стратегиялық есігі болып табылатын және негізгі миграция тек осы қала арқылы өтеді (әуе, автокөлік, теміржол). Әртүрлі форумдар өткізуге ыңғайлы мекеме мен қонақ үйлері бар, қалада демалуға арналған барлық жағдай жасалған, сонымен қатар 500 километр радиусте керемет рекреационды аймақтар орналасқан Астана қаласы да осындай стратегиялық зона болмақ. Мемлекеттің жаңа астанасына, оның қазіргі заманғы түрі мен инфрокұрылымына деген қызығушылық қаладағы халықаралық және ішкі туризмнің дамуына көп көмегін тигізбек. [2].

Туристік жоспарда дамыған елдердің ішкі туристік нарығы 30 – дан 50 % дейін туризм жалпы кірісті құрайды. Бұл жерде Қазақстанның жақсы перспективалары бар. Айта кететін жағдай, бүгін ішкі туризм көбінесе ұйымдастырылмаған. Туризмнің осы түрінің дамымағандығынан ел бюджетіне үлкен ақша түспеуде, инфрокұрылым бұзылуда, табиғи, мәдени және тарихи ескерткіштерге өте күшті экономикалық зардаптар тиюде [3].

Туризм адам мен қоршаған орта арасындағы туған қайшылықтарды тегістеуге арналған. Алайда жаңа нарықтық қатынастар елдегі орын алған туризмнің даму мәселесін ушықтырып отыр, әсіресе әлемдегі туристік нарықтағы бәсекелестің үрдісінде. Елдегі қиын экономикалық пен қаржылық жағдай, әлеуметтік аспектік туризм мәселелерін ушықтырып, мынадай болады;

- өмірлік деңгейдің төмендеуі ;
- кірістердің қысқаруы;
- қазақстандағы тұрғындардың табыс көлемнің азаюы;
- тұрғындардың төлемақы мүмкіндігінің құлдырауы;

- 8 Жатқанбаева Д.М. Церкариозный диплостомоз молоди растительноядных рыб и опыт борьбы с ним в прудах рыбоводных хозяйств Казахстана // Материалы докл. науч. конф. «Теория и практика борьбы с паразитарными болезнями (зоонозы)». – М., 2002. – В.3. – С. 126–128.
- 9 Ысқақов М.М., Бөлекбаева Л.Т. Балық аурулары. Оқу құралы. Алматы. 2007. – 167 б

БАЯНАУЫЛ ҰЛТТЫҚ САЯБАҒЫНДАҒЫ ҚЫНАЛАРДЫҢ ТҮРЛІК ҚҰРАМЫ

БАЗАР А.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ОСПАНОВА А. К.
профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қыналардың ішкі құрылысы ерекше. Оның денесі – қабаттама. Ол бір-бірімен тығыз байланысып бір ағзаны беретін балдыр мен саңырауқұлақтан тұрады. Қынаның кесіндісін микроскоп арқылы қарасақ, саңырауқұлақ жіпшелеріне ұқсас бір-бірімен шырматылған түссіз жіпшелер көреміз. Осы шырматылған жіпше арасынан ақшыл жасыл түсті дөңгелек тәрізді хлорелла балдырының жасушаларына ұқсас жасушалар көреміз. Бұл жасушалар тығыздалып, қатарға орналасқан.

Ұзақ уақыт бойы қыналардың жалаңаш таста қалай тіршілік етіп, қалай коректенетіні белгісіз болды. 1867 жылы қыналардың осы құпиясын орыс ғалымдары ашты [1]. Олар, қыналар саңырауқұлақтар мен балдырлардың бірігіп тіршілік етуінен құралған, деген қорытындыға келді. Осы құбылыс ғылымда бірлесіп тіршілік ету немесе симбиоз деп аталады.

Қыналардың осындай құрылысы оларға басқа өсімдіктер тіршілік ете алмайтын аса қолайсыз жағдайларда тіршілік етуге мүмкіндік береді.

Саңырауқұлақ жіпшелері су, минералдық тұздар мен органикалық заттарды ауадан бірге түскен тозаңмен қоса сіңіреді.

Балдырлар жасушалары көмірқышқыл газын сіңіріп крахмал мен кант жинайды (қорға) . Саңырауқұлақтың жіпшелері балдырлардың біраз бөлігін сіңіреді. Қынадағы саңырауқұлақ балдырдың паразиті. Ал балдыр су мен минералдық тұздарды саңырауқұлақ жіпшесінен алып сіңіреді.

Қыналар өте шыдамды, қатты аяздар мен 60°С – дейінгі ыстыққа төзеді. Олар барлық жерде таралған, мұзды мұхит жағалауынан Африка шөлдеріне дейін. Құрғақ ауада олар кеуіп кетеді де ылғалды ауада тіріледі. Жаңбардан соң, тіпті бұлыңғыр ауа-райында жұмсарып, жасылданып-саңырауқұлақ жіпшелері арасынан балдырдың жасушасының жасылы байқалады. Қыналар ылғалды бірнеше секундта сіңіріп, күн көзінде сағат бойы кебеді. Олар ылғалды кезінде өседі. Өсуі аса баяу, жылына 3-5 мм. Сонымен 10 см бір түп бұғы мүгі 30 жыл өседі. Қыналар күн көзінде ашық түсті болып келеді [2].

Үлкен қалаларда, зауыт, фабрикалар маңайларында қыналар өспейді, себеі, оларға таза ауа қажет.

Қыналардың симбиоздық ағзалар ретінде өте ертеде шыққандығына күмән келтіруге болмайды. Қыналардың құрамына кіретін көпшілік балдырлар мен саңырауқұлақтар табиғатта өз бетінше жеке кездеспейді. Көптеген миллион жылдар ішінде қыналарда өздерінің көбею жолдары пайда болған. Мысалы, олар саңырауқұлақ жіпшелерімен шырмалған балдырдың бір-екі жасушасынан тұратын бөлшекпен көбейеді. Осындай бөлшектер қыналар қабаттамалары ішінде көптеп түзіледі. Олардың көбейіп өсуінен қына деңесі жарылып бұл бөлшектер желмен таралып кетеді. Қыналар қабаттамаларының бір сынған бөлігімен де көбейе алады. Бұдан басқа, саңырауқұлақтар мен балдырлар әрқайсысы өзінің көбею әдістерін де сақтаған. Саңырауқұлақтар өз спораларын түзеді, балдырлар вегетативтік жолмен көбейеді [3].

Дипомдық жұмыстың мақсатына байланысты Павлодар облысының Баянаул Ұттық саябағынан қыналардың түрлін жинадық. Олардың қандай түрлерге жататындығы анықтағыштар арқылы анықтадық. Қыналар 1-суретте көрсетілген.



1 сурет – Баянауыл Ұттық саябағының қыналары

Қыналардың түрлерін анықтау үшін оларды жинау барысы. Ол 2-суретте көрсетілген.



2 сурет – Қыналардың түрлерін анықтау үшін оларды жинау

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Головин П.Н. Грибы песчаных пустынь Средней Азии // Труды УзФАН СССР. Серия XI. - Ташкент, 1981. - Вып. 1.

2 Головин П.Н. Закономерности распределения микологической флоры на Памире // Известия ТаджФАН СССР. - Душанбе, 1984. - №8.

3 Головин П.Н. Экологические типы грибов Средней Азии // Известия АН УзССР. - Ташкент, 1987. - №5.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН №24 ЛИЦЕЙ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫНА ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОННЫҢ ӘСЕРІ

БАЙҚАСЫМОВА М. С.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ИНСЕБАЕВА М. К.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XXI ғасыр-техника ғасыры. Бұл заманды көліксіз, теледидарсыз, компьютерсіз, ұялы телефонсыз басқа да техникалық жабдықтарсыз елестету тіптен қиын. Соның бірі-ұялы телефон. Өзге техникаға қарағанда ол күнделікті қасымыздан табылады. Ұялы телефонды қазіргі таңда іскер адамдар ғана емес, карапайым адамдар, тіпті жас балаларға дейін қолдануда. Ұялы телефон қолданушылар қатары, мұның денсаулыққа қаншалықты зиян екеніне мән берместен көбейіп келе жатыр. Осы жоба

барысында толғандырар сұрақ туындайды, біз ойлағандай ұялы телефон қауіпсіз бе?

Ұялы телефонның адам ағзасына қауіптілігіне байланысты жүргізілген зерттеулер аз емес. Кейбір ғалымдар ұялы телефон мүлдем қауіпсіз десе, енді бірі ұялы телефонның әсерінен бас ісігі т.б аурулар туындайтынын айтқан. Швед ғалымдарының зерттеулерінің соңғы нәтижелері бұл мәселеге жаңа көзқарасты талап етеді. Соңғы нәтижеге дейін, обыр ауруы ұялы телефоннан таралатын сәулелердің әсерінен пайда болады деген дәлелдемелерге сүйеніп келдік. Бірақ, ұялы телефоннан тарайтын энергия күші тым аз, сондықтан ол обыр ауруына соқтырмайды. Дегенмен, Линчепинг университетінің ғалымдарының дәлелдеулері бойынша ұялы телефоннан тарайтын сәуле күші қанның қызыл түйіршіктері (эритроциттің) дұрыс алмасуына кедергі келтіреді деген мәліметтер алынған.

Иә, ғылыми тілмен айтар болсақ, клеткалар бір-бірімен құрамындағы молекулалық суы арқылы әсер береді. Қалыпты жағдайда әсер ету күші өте кем. Бірақ, математикалық көрсеткіштер бойынша, электромагниттің өзіндік 850 МГц әсері нәтижесінде тартылыс күші 11 есе артады. Зерттеушілердің айтуы бойынша электромагниттік толқындар белгілі бір бағытта әсер береді. Толқын күшінің артуы, эритроциттердің әлсіреуінен әр-түрлі сырқаттарға әкеліп соқтыруы бірден бір мәлім.

Швед ғалымдарының зерттеу нәтижелері бойынша NMT ұялы телефондарын шамадан тыс қолдану 80% рак ауруын тудыру қаупі бар. Бұл мәліметтер үш жылдық зерттеу кезіндегі науқастардың ішінде 1617 науқастан ми ісігі немесе рак ауруы табылған. Зерттеуді салыстыра келе ғалымдар, NMT телефонын тұтынбаушыларға қарағанда, NMT телефонын тұтынушыларда 30% сырқатқа қауіп бар дейді. Электромагниттік толқындардың адам денсаулығына әсері кемде кем емес.

Технологияның дамыған кезеңінде одан бас тартып, құтылу оңайға соқпайды. Қазіргі кезде ұлттық болмыспен қоса, еларалық сұраныстар бойынша, көптеген стандарттық ережелер қарастырылған, қолданысқа ұсынылып жатқан ұялы телефондардың, электромагниттік толқындарының адам денсаулығына әсерінің осы сұраныстарға сай болуына көп көңіл бөлінген. Осы орайда ұялы телефон қолдану гигиенасымен қатар санитарлық қолданысы өз деңгейінде болуы қарастырылған.

Қазіргі жағдайда белгілі бір аймақта орнатылған ұялы телефон антеналарының жанама зияны нақты дәлелденген.

Дәлелденген зерттеулер көрсеткіштері бойынша электромагниттік толқындардың әсері 1 МГц-дан жоғары болуы матаның қызуына әсер береді. Локалдық жоғарылау нәтижесінде мата температурасы 10С°-тан асады. Тіпті мата температурасының кішкене өзгерісі бедеулікпен қатар еркек адамның гормондық жүйелерінің өзгеруіне әкеліп соқтырады.

Зерттеушілердің мысық және қояндарға жүргізілген эксперименттері, электромагниттік толқындардың температура қызбаса да, электромагниттік толқындар нерв жүйелеріне қарқынды әсерін тигізетіні дәлелденген. Ұялы телефонды қолдану нәтижесінде оның моделдері де үлкен рөл атқарады. Яғни, ұялы телефонның моделдері де құрылысына байланысты зиянды және қолданысқа жарамды болып келеді.

Ұялы телефонның зияны тек сөйлескен кезде ғана емес, смс хабарлама жіберу кезінде де зиянды әсері бар. Смс хабарлама жіберу кезінде электромагниттік толқындар әсері адам ағзасының ішкі құрылысына бағытталады екен. Соның нәтижесінде адам организміне скептикалық қауіп төнеді. Ұялы телефонның пайдасы мен зияны туралы пікір таластар әлі де жүруде.

Заман ағымына қарай бүгінде екі адамның бірінде ұялы телефонның жүргені белгілі. Рас, оның ішінде не керектің бәрі бар. Мәселен: сағат, күнтізбе, есептеуіш, сурет пен видеоға түсіру, есте сақтау, қалаған өлеңді жазып алу, тыңдау және басқасы. Шынымен қазір осы бір кішкентай заттың көмегінен ешнәрсе шеше алмайсыз. Ең кішісі, керек адамыңызды да қаланы шарламай-ақ, осының көмегімен тауып аласыз. Ұялы телефонның уақытты үнемдеу, үнемі байланыста болу, тиімділікті арттыруда пайдасымен қоса, онымен шамадан тыс сөйлесу денсаулыққа өте зиян екендігін есте ұстау қажет. Әсіресе, телефон шалу кезінде электромагниттік сәулелену деңгейі аса жоғары болып келеді.

Ұялы телефонды пайдаланған кезде электромагниттік өріс тұтынушының миына міндетті түрде әсер етеді. Басқарма ақпаратына сәйкес, қазір қалыптасқан ахуалға сәйкес балалар мен жасөспірімдер ұялы телефондардың электромагниттік өрісінің денсаулыққа зиянды әсеріне жаппай душар болуда. Қазақстанда қабылданған санитарлық талап бойынша, ұялы телефоннан шығатын электромагниттік өріс қуаттылығы бір шаршы сантиметрге 12 микроваттан аспауы керек. Зертхана мамандары тексерген 10 телефонның үшеуінде бұл норма сақталмаған. Яғни ол, телефондардың адам миына кері әсері көп. Әсіресе, қалта

телефондарының балалардың ағзасын тез әлсірететіні анықталған. АҚШ-тың физикалық жолмен емдеу қоғамының медицина ғалымы Каң Уй мынаны айтады: адамдар ұзақ уақыт қол телефонның экранына қараса немесе келте хат жолдаса зейіні мен саусақ әрекеті шектеуге ұшырап, өзге шаруаларға бейімсіздеу келеді. Адамдар қол телефон сияқты электронды бұйымдарды пайдалану дәрежесінің ұлғайуына байланысты мұндай зақымдау сыйпатты мәселе бүкіл бас мүшелеріне әсер етуі мүмкін. Қол телефонмен сөйлесу уақыты он минуттан аспағаны дұрыс. Ал ақыл-ойы жетілу кезеңіндегі жасөспірімдердің қол телефон пайдалануы тіпті қауіпті. Елімізде 100 мың балаға шаққанда 100-127 бала қатерлі ісік ауруымен ауырады. Бұл санды Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері жөніндегі ұлттық орталықтың директоры Сәуле Диханбаева айтып отыр. 2009 жылы елімізде 100 мың балаға шаққанда 104 бала қатерлі ісік ауруына шалдыққан. Сарапшылар обырдың балалар арасында кең таралуына ұялы телефонның қосқан үлесі көп деп отыр. Себебі ұялы телефон мида ісік ауруының пайда болуына әсер етеді. Телефонды кеуде тұстағы қалтаға сақтауға болмайды. Телефоннан бөлініп шығатын зиянды заттар баланың әлі қалыптасып үлгермеген иммундық жүйесіне зақым келтіретіндіктен ойын баласына ұзақ уақыт телефонды ұстатып қоюға болмайды екен. Алайда, Сәуле Диханбаева Өзбекстанда балалардың телефонды пайдалануына тиым салу туралы заң қабылдау бастамаларын жөнсіз санайды. Оның ойынша, телефон немесе компьютерді пайдалануға біржолата тиым салу мүмкін емес. Сондықтан балаларға телефонды дұрыс пайдаланбау зиян екенін үнемі ұқтырып отыру керек дейді. Әсіресе, балалар телефонды сөмкеде ұстау, ұйықтаған кезде жастықтың астына тықпау, өшіріп төсектен алыс жерге қою секілді қарапайым ережелерді білгені дұрыс. Ережелерді қатаң сақтағаннан кейін де ұялы телефонның тигізетін кері әсері болады. Әрине, мұны бәрі ескере бермейді. Күнделікте өмірде бактериялардан қорғану үшін ата анамыз қолыңды жуып жүр, таза киін деп ескертеді. Әрине, ананың бала қамын ойлағаны ғой. Ал, сол ата аналар балаларын да, өздерін де ұялы телефон бактериясынан қорғай ала ма екен? Мұны естігендер алдымен таң қалды. Шынында да, ұялы телефонда да бактерия болады екен. Ағылшын зерттеушілерінің қорытындысы бойынша қалта телефондарындағы бактериялардың саны қоғамдық дәретханалардың есігінің тұтқасындағы бактериялардан 18 есе көп болып шықты. Негізінен, 30 қалта телефоны мен дәл осыншама дәретхана тұтқаларынан сынама алынып зерттелген. Осынау

микробиологиялық сараптамада ұялы телефондардың төрттен бірінің санитарлық талаптарға сай келмейтіні анықталып, дәлелденген көрінеді. Яғни, байланыс құралдарындағы микроорганизмдер саны гигиеналық стандарттардан 10, қоғамдық дәретханалардағы бактериялардан 18 есе көп екен. Осылайша мамандар сальмонелла, ішек таяқшасы, стафилококк тәрізді аурулардың қалта телефоны арқылы да тарайтынын дәлел-деп отыр. Ағылшын зерттеушілерінің пайымдауынша, британдықтар қолданатын 63 миллион телефонның 14,7 миллионы денсаулыққа аса зиянды деп саналып, дәрігерлер адамдарға қалта телефонын жиі тазартып тұруға ақыл-кеңес беруде. Кішкентай сәбиден, қартайған қарттарға дейін ұялы телефон ұстауға әуес. Кейде, бала ермек қылсын деген ата аналар оның қаншалықты лас екенін аңғармай жатып, баласына беріп қояды. Ал, ол бала ұялы телефонды қайтеді? Бірінші кезекте аузына салады, осыдан барып ол баланың іші ауырып, ішек ауруына шалдығады. Міне, ұялы телефон бактериялары да қарапайым бактериялар секілді адам денсаулығына үлкен зиян келтіреді екен.

Осы жоба барысында, тақырыбымыз бойынша көп іздендік. Заман талабына сай, қазіргі таңда ұялы телефон тек қатынас құралы ғана емес, көптеген қажеттіліктер үшін қызмет етеді, сондай-ақ уақыт өте келе оған көптеген функциялар енгізіліп жатыр. Ұялы телефон, әсіресе, жастардың ажырамас досына айналды. Кейбір адамдар ортамен байланыс орната алмайды, өйткені олар техника әлемінде өмір сүріп келе жатыр. Олардың өз әлемі бар. Ал, кейбір жастардың есте сақтау қабілеті күрт төмендеді. Қазір айтқанды, сол жерде ұмытып қалатындары да жетерлік. Біз, осы тақырып аясында көп толғандық. Иә, біз ұялы телефонға шектеу қоя алмаймыз. Алайда, ұялы телефон әсерінен туындап жатқан әр түрлі сырқаттарға шектеу қоюға болады емес пе? Қазақстан дамушы елдер қатарында, осындай дәрежеге жете отырып неге өз ресурстарын пайдаланып ұялы телефон шығармаса? Бірінші байлық-денсаулық. Денсаулықсыз адам, адамсыз ел болмайды. «Ел болам десен, бесігіңді түзе» дейді атам қазақ. Қазіргі бесіктегі баланың ойыншығы не? Сылдырмақ емес, ұялы телефон. Ұялы телефонның зиянын ғалымдар дәлелдеп жатса да, үкімет басындағылар бейқам отыр. Бұл тақырып аясында сәл ойланып, алдын алу шараларын ұйымдастырса, бір мәселенің басын шешкендей болар ма едік... Еліміздің ертеніне алаңдаған жастар, мына біз, бұл тақырыпты өзекті мәселе ретінде қарастырып отырмыз. Шенеуніктер арнайы шара қолданбаса, ол шараны өзіміз қолданайық. Ұялы телефонды

ұстаудағы қатаң ережелерді ұстап, денсаулығымызды күтейік. Себебі, елдің болашағы-біздер. Біздер болмасақ ел ертеңін кім ойлайды? Сән қумай, еліктемей, дені сау жастарды тәрбиелейік!

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ә. Алдамұратов, М. Мұқанов. Психология пәнінен лабораториялық- практикалық сабақтар. Бірінші бөлім, алматы, 1978. екінші бөлім, Алматы, 1979.
- 2 Ә. Алдамұратов және т.б. Жалпы психология. А., 1996.5 Ә. Алдамұратов. Қызықты психология.-А., 1992.
- 3 В.В. Богословскийдің және т.б. редакциясымен. Жалпы психология. А., 1980.
- 4 Ф.Н. Гоноволлин. Психология. Мектеп., Алматы, 1976.
- 5 Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы. А., 1999

КРАСНОАРМЕЙКА АУЫЛЫНДА ӨСЕТІН ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРДЫҢ АУРУ ҚОЗДЫРҒЫШ ТАТ САҢЫРАУҚҰЛАҚТАРЫ

БЕЛГОЖАНОВА Д. Б.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ОСПАНОВА А. К.
профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасы президенті Н.А. Назарбаевтың 2030 бағдарламасында халықтың әл-ауқатын жақсарту, ауылшаруашылық өнімдерін молайту, мәдени өсімдіктердің жаңа іріктемелерін алу жоспарланған. Бұл жағдайда түрлі аурулардан соның ішінде фитопатогенді саңырауқұлақтардан сақтандырудың маңызы зор. Соған байланысты фитопатогенді саңырауқұлақтар түрлерінің биологиялық, экологиялық ерекшеліктері зерттеліп, алдын ала олармен күресу шаралары жүргізілуі тиіс [1].

Көп уақыт бойы пикноспораның мән-жайы белгісіз болып келді, тек 1927 жылы Канада ғалымы Крэги пикноспораның атқаратын қызметін анықтады. Ол тат саңырауқұлағының мицелийлерінің әртүрлі жынысты екенін ашып, базидиоспорада дамыған гаплоидты мицелийден эцидиоспора түзілмейтіндігін дәлелдеді. Эцидиоспора дамуы үшін қарама – қарсы жынысты мицелий болуы керек. Табиғатта бұл процесс әр түрлі жынысты базидиоспоралармен зардапталған бөріқарақат жапырағында өскен

мицелий клеткаларының қосылуының, немесе насекомдардың қарама-қарсы жынысты мицелийлердің пикноспораларын бір өсімдіктен екінші өсімдікке жұқтыруы арқылы жүреді. Бұл пикноспоралар пикнидийден шығып тұратын шырынды гифаларда болады, қонған насекомдарға жабысады. Қарсы белгісі бар спора клеткасының ішіндегі затын өзі жабысқан гифа арқылы мицелийге құяды да, ядролары синхронды көбейіп дикарионды мицелий түзеді, енді одан эцидиоспора дами алады [2].

Барлық тат саңырауқұлақтарында уредоспоралары бір клеткалы екі ядролы сопақ не шар пішінді, қысқа сағаққа орналасады, тек кейбіреулерінде эцидиоспора сияқты тізбектеліп келеді. Телейтоспоралардың пішіні әр түрлі, көпшілігі қыстап шықпай-ақ өсе береді.


Тат саңырауқұлағының көпшілігі даму кезеңін бір өсімдікте аяқтайды. Бір иесі болатын тат саңырауқұлағы, екі иелі тат саңырауқұлаққа қарағанда, эволюциялық даму жағынан жоғары тұрады. Барлық тат саңырауқұлақтарының даму кезеңі *Russcinea graminis* саңырауқұлағының дамуы сияқты толық бола бермейді, бұл жағдайда кейбір споралардың дамымауы мүмкін, бірақ телейтоспора барлық уақытта түзіледі, толық емес даму циклының болуы – қысқа вегетациялық уақытқа бейімделудің нәтижесі.

Тат саңырауқұлақтарының астық татынан басқа түрлері де табиғатта жиі кездеседі. Бұл туыстың ішінде даму кезеңі жақсы зерттелген астықтың сызықты сабақтық таты (*Russcinea graminis*) түрі. Бұл өзінің дамуын бөріқарақат (*Berberes*) жапырағынан бастайды. Жапырақтың әдеттегіден ұлғайған ұлпаларында қызғылт сарғыш түсті нүктелер пайда болады. Бір ядролы гаплоидты клеткалардан құралатын мицелийлер гаусторияларымен клетка дамиды, олардың ұшынан бір ядролы пикноспоралар жетіледі. Пикнидалар жетілгенде оның ішінен гифалар топталып қылтиып шығып тұрады, олармен бірге ішінде пикнаспоралары бар иісті зат шығады. Пикнаспоралар өздігінен індет туғыза алмайды. Эцидийлер шумақталған жіп сияқты дөңгелек пішінді болып, клетка аралық қуыста жатады, оның да гифалары бір ядролары және қатар түзіп дұрыс орналасқан. Пикноспоралардың протоплазмасының ішіне өтіп, базальды жағынан бастап екі ядролы цилиндр пішінді клеткалар түзіледі, кейін олар тізбектелген екі ядролы спораларға ыдырайды [3].

Красноармейка ауылында өсетін дәнді дақылдардың табылған тат саңырауқұлақтарының басқа түрлері дәнді

дақылдар үшін қауыпты емес. Жабайы дәнді дақылдардағы тат саңырауқұлақтарынан тек шектеулі өсімдіктер ғана зардап шегеді. *P.aegilopsis*, *P.agropirina*, *P.bromina* б *U.aiopescuri* *U.graminis* саңырауқұлақтары орташа бағытталғандар (мамандандарылған) санатына жатады, олар дәнді дақылдардың 2-4 туысын ғана зақымдауы мүмкін.

Тат саңырауқұлақтарының мамандану сипатын терең түсіну үшін инокуляцияларды көп жылдар бойы қайталап жүргізген дұрыс, тәжірибеге патогендердің және болуы мүмкін ие-өсімдіктердің әртүрлі экотоптарын пайдалану қажет. Себебі, инокуляцияға бір рет қана алынатын споралар мен инокуляциялатын өсімдіктер табиғаттағы әртүрліліктің тек азғана бөлігін құрайды, сондықтан да түрдің барлық мүмкіндігін ашып бере алмайды (1 Сурет).



1 Сурет – А – өсімдік жапырағына сары тат қоздырғышының енуі, Ә – зақымданған жапырақта сары тат споралардың пайда болуы

Сары татқа төзімділік реакциясын көрсеткен осы аталып өткен сорттар күздік бидай селекциясында құнды гендік көздер бола алады. Күздік жұмсақ бидайдың сары тат ауруына төзімді сорттарын шығару селекциядағы басты мәселе болуы тиіс [4].

Бидайдың қоңыр жапырақтық таты (*Puccinia recondita* f.sp. *tritici*) және кара бидай (*P. recondita* f.sp. *secalis*) – әртүрлі иелік тат саңырауқұлақтар түрлері. Қоңыр тат саңырауқұлағы бидай мен кара бидай өсіретін Қазақстанның барлық аудандарында кездеседі. Олар Алматы облысында бидай және кара бидай өсімдіктерінің жетілген және өсіп келе жатқан жапырақтарын зардаптайды. Бұл аурудың жаппай таралып дамуы көбінесе жазда байқалады, яғни жапырақ алақанында және жапырақтың қынабында эпидермистерін жарып шағатын ретсіз орналасқан қоңыр пестуалар дамиды. Оларда

дөңгелек, кейде ұштары доғал, аяқшалары бар уредоспоралардың қатары орналасады. Астықтардың тат саңырауқұлақтарының барлық түрлерінде уредоспоралары жазда бірнеше ұрпақ береді және олар бидай мен кара бидайдың жаппай зардапталуын тудыруға қабілетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Kirk P.M., Cannon P.F, Minter D.W., Stalpers J.A., Andrianova T.V., Aptroot A., Benny G.L., Berndt R., Kuyper T.W., Pando F., Roberts P.J., Vanky K. Ainsworth / Bisby's Dictionary of the Fungi.- Tenth edition.- Eds Kirk P.M., Cannon P.F., Minter D.W., Stalpers J.A.,-CABI Europe- UK.Wallingford (UK), 2008-771 p.

2 Абев С.А., Есенгулова Б.Ж. Роль промежуточных хозяев ржавчинных грибов злаков // Вестник сельскохозяйственной науки Каз-на.- Алматы, 1995.-С.36-45.

3 Бондаренко-Борисова И.В. Ржавчинные грибы на культивируемых и дикорастущих растениях Донецкого ботанического сада НАН Украины // Актуальные проблемы изучения фито-микобиоты: сб.Статей Межд.научно-практ.конф.- Минск, 2004.-С.130-132.

4 Плац М.Ш. Биологические особенности ржавчинных грибов в Томской области // Микология и фитопатология.-1982.- Т,вып.3-С.214-216.

СОСТОЯНИЕ ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОЙ И ЭПИЗООТОЛОГИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ ЭХИНОКОККОЗОМ В ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ Д.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

КАЛИЕВА А. Б.

профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Эхинококкоз распространен повсеместно, в основном в зонах развитого овцеводства, поскольку традиционно во многих регионах отары овец сопровождаются на пастбище собаками; кроме того, овца бывает зараженной плодоносными протосколексами значительно больше и чаще, чем другие виды животных. По этой причине основная роль в распространении эхинококкоза принадлежит овцам.

В Казахстане трудно найти природные зоны и административно-территориальные регионы, свободные от эхинококкоза. Причем он встречается у всех видов сельскохозяйственных животных: так, по Республике средняя зараженность овец 22 % (а на юго-востоке – 52%), крупного рогатого скота -14%, верблюдов – 41%, свиней и лошадей – около 4%.

Ларвальный эхинококкоз часто встречается также в сопредельных с нами регионах (Сибирь, Поволжье, Центральная Азия). Широкому распространению эхинококкозу способствует бродяжничество собак, неупорядоченность в их кормлении и содержании, подворный безконтрольный убой животных и низкий уровень ветеринарно – санитарной культуры на животноводческих фермах, отсутствие скотомогильников и как результат – разбросанность трупов и конфискатов.

Как писал в своей статье Д. К. Карабаев «Зональное распространение гельминтов и гельминтозов овец в Казахстане» ареал эхинококкоза весьма обширен. Наиболее распространен в горных и степных районах Алма-Атинской, Джамбульской, Талды-Коргнской и Уральских областей. Заболеваемость варьирует от 17 до 25%, плотность популяций овец – 17-22 на 100 га.

Зонами ограниченного распространения эхинококкоза являются сухостепные, полынно-степные, полупустынные и пустынные районы Актюбинской, Гурьевской, Кызыл-Ординской, Кустанайской, Чимкенской, Семиполатенской, Карагандинской и Восточно-Казахстанской областей, с зараженностью животных от 3 до 7,7 % и плотностью популяции 6 – 8 овец на га. Зонами наименьшей распространенности этой инвазии являются степные и лесостепные районы Целиноградской, Северно-Казахстанской, Павлодарской и Кокчетавской областей. Пораженность животных здесь составляет от 1 до 1,2 % (плотность овец – 1-2 на 100га).

Павлодарская область в Республике Казахстан по сей день остается зоной с минимальным (0,4 на 100 тыс. населения) интенсивным показателем заболеваемости эхинококкозом населения (ИПЗЭН) [1].

Однако общая тенденция роста эхинококкоза среди населения во многих регионах республики, безусловно, коснулась и павлодарской области. Если с 1991 по 2000 гг. заболеваемость эхинококкозом колеблется в пределах от 0,6–1,3%, что превышает официальные Республиканские данные по региону. Из сельских мест наиболее высокий процент заболеваемости выявлен в

Актогайском (5,6 до 10,5%), Лебяженском (3,8–5,8%), Иртышском (3,5–6,8 %), Павлодарском районе (0,6–1,5%).

Такая эпидемиологическая обстановка связана с рядом причин, и прежде всего:

- Наличие и многообразие хозяйственных форм собственности с преобладанием мелких животноводческих хозяйств личной собственности;

- Несоблюдение основных правил ветеринарно-санитарных мер профилактики инвазии среди животных и собак;

- Отсутствие и несвоевременное проведение диагностических исследований собак и их дегельминтизации;

- Нарушение ветеринарно-санитарных правил убоя животных, ветсанэкспертизы и утилизации пораженных органов.

Эти нарушения позволяют сохранить стойкие очаги инвазии на местности и вовлекать в цепь инвазии людей, создавая эпидемиологическую напряженность в сельских местностях, что касается городского населения, то рост заболеваемости людей эхинококкозом объясняется увеличением количества бездомных бродячих собак – носителей эхинококка.

Так, за 1995–2014 гг. заболеваемость среди владельцев собак составила 8,36%, тогда как среди животноводов 0,76 % [53].

Аналогичный характер имеет эпизоотическое состояние эхинококкоза среди животных в Павлодарском Прииртышье. Так, ветеринарно-санитарная экспертиза продуктов убоя крупного рогатого скота на рынках города Павлодара показала пораженность эхинококкозом колеблется от 1,3% (2012), до 1,6% (2014).

Таким образом, Павлодарском Прииртышье эхинококкоз среди населения и животных является проблемой здравоохранения и ветеринарии.

ЛИТЕРАТУРА

1 Ордабеков С. О., Амреев С. А., Абдрахманова Г. А. Эхинококкоз человека в Казахстане и пути его снижения // Проблемы ветеринарной науки и практики в современных условиях: Материалы международной научно – практической конференции посвященной к 10 – летию независимости Республики Казахстан. – 2001. – С. 240–244.

2 Энциклопедия. Павлодарское Прииртышье. – Павлодар, 2003. – С. 15–19.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИММУНОЛОГИЯ
ЖӘНЕ МИКРОБИОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ
ҒАЛЫМДАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕГІ
ЖАРИЯЛАУ БЕЛСЕНДІЛІГІ
(SCOPUS АҚПАРАТТЫҚ БАЗАСЫ БОЙЫНША)**

ЕРМАН Б. Қ., РЫСКЕЛДИЕВ Д. К., САРБАСОВА Г.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясы,
Шымкент қ.

Қалыпты микробиология – арнайы құрал – жабдықсыз жай көзге көрінбейтін, ұсақ тірі ағзаларды, микроорганизмдерді, олардың құрылысы мен биологиялық және биохимиялық қасиеттерін, табиғатта жүріп жатқан процестердегі рөлін, адам тұрмысы саласындағы пайдалы және зиянды жағын жан – жақты зерттейтін биология ғылым саласы. Микробиология – микроәлемнің барлық организмдерді зерттейді (бактерия, саңырауқұлақтар, вирустар және т.б.), әрқашанда биология және медицина ғылымдарымен тығыз байланысты.

Иммунология – тірі ағзалардың иммундық жүйесі туралы ғылым, пайда болуын, қызметін, орналасуын зерттейді. Ұсақ ағзалардан құралған, организмнің әртүрлі антигендерге молекулалық, жасушалық, химиялық және физикалық реакцияларына қарай организмде пайда болатын түрлі өзіндік емес және өзіндік ерекше құбылыстарды зерттейтін биология ғылымының бір саласы.

Қазақстан Республикасында биология ғылымының бұл тармағы, Ұлы Отан соғысы жылдарында және кейінгі жылдары дами бастаған. Одан кейін қазіргі уақытқа дейін даму үстінде, ғалымдардың сол уақыттан бастап адам, жануарлар ағзасын және өсімдіктерді зиянкестерден қорғаудың жаңа принциптерін табуына, жаңалықтардың ашылуына байланысты қазіргі таңда мемлекетімізде микробиология ғылымы шарықтау үстінде.

Қазіргі таңда ғылымның қай саласы болсын, өз жұмысын немесе мақаланы халықаралық дәрежедегі журналдарда жариялау, ізденуші ғалымның, мекеменің, я елдің маңызды көрсеткіші, ғылымның айқын көрінісі болып табылады.

Scopus – библиографиялық және рефераттық ақпараттық база, ғылымның, техникалардың халықаралық дәрежеде мақалаларды қаралуын бақылайтын журнал және құрал. Ғалымның ғылыми жобасын жариялау белсенділігіне және қаралуына байланысты Хирш индексі (h-index) болады. Қазақстан Республикасы осы

бағытта, қалыпты иммунология және микробиология бойынша Орта Азиядағы қарқынды дамып келе жатқан елдердің бірі. Орта Азиядан салыстырмалы түрде 4 ел алынды. Олар, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан (1-сурет). Схемада еліміздің бой сермеп алға шыққанын байқауға болады. Хирш индексі – еңбектердің, мақалалардың цифрлық рейтингісі, мәліметтердің қолданылуы, олардың құндылығының рейтингісін көрсетеді.

1996 жылдан бастап, 2013 жыл аралығында, Қазақстан мемлекеті әртүрлі динамика көрсеткен (2-сурет). Мысалы, 1996 жылы 1 болса, бір жылдан кейін ол көрсеткіш 0-ге тускен. Стабильді. Кесте арқылы соңғы жылдары Қазақстанның иммунология және микробиология ғылымы Орта Азия мемлекеттерінің арасында мақалаларды жариялау көрсеткіші қарқынды дамып келе жатқанын байқауға болады. Бірақ бұл көрсеткіш өкінішке орай тек қана Орта Азия елдерінің арасында ғана тән.



1 сурет – Орта Азия мемлекеттерінің салысмалы түріндегі Хирш индексі (h-index) бойынша сызбанұсқасы



2 сурет – Орта Азия мемлекеттерінің Scopus бойынша жариялау белсенділігінің (documents) салыстырмалы түріндегі сызбанұсқасы (диаграммасы)

Бүкіл әлемдік нарықта 184 орын ішінде 116 - орынды алады (3-сурет). Әрине, бұл көрсеткішпен ешкімді де таңқалдыра аламайсыз, бірақ алдыңғы жылдарға қарағанда, еліміздің қазіргі таңдағы цифрлары болашақтағы жарқын көрсеткіштерді айқындайды. Республикамыз бүкіл әлемдік таблицада Гватемала, Габон сықылды мемлекеттерден кейін орналасқан, одан кейін Камбоджа, Өзбекстан, Чад, Йемен мемлекеттерінен Хирш индексіне (H-index) қарай жоғарыға көтерілген.

	Country	Documents	Citation documents	Citations	Self-Citations	Citations per Document	H Index
1	United States	26,574	27,452	880,014	292,349	12.94	217
2	Germany	9,212	5,054	248,922	54,118	12.20	182
3	United Kingdom	8,218	3,916	216,540	51,516	16.60	162
128	Gabon	4	0	13	2	2.40	2
139	Southwala	5	0	44	1	10.80	2
140	French Guinea	3	3	21	0	7.25	3
141	Kazakhstan	23	22	31	1	3.64	2
142	Cambodia	1	1	19	0	7.25	3
143	Saint Kitts and Nevis	2	2	37	0	18.50	2

3 сурет – Халықаралық микробиология және иммунология ғылымдарының көрсеткіштері.

Жоғарыда көрсетілген рейтингтер бойынша қорытындылайтын болсақ: еліміздің ғалымдары осы шаққа дейін микробиология және иммунология ғылымдарының әртүрлі салаларында өздерін көрсеткен. Scopus және басқада халықаралық журналдарда еліміздің жариялау белсенділігі, ғалымдармыздың саны, мақалардың рейтингісі алдағы жылдарда биік шыңдарды бағындыратынына нық сеніммен қарауға болады. Себебі, соңғы жылдардағы көрсеткіштер алдыңғы жылдардағы көрсеткіштерге қарағанда айтарлықтай алдыңғы орында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <http://microbiologu.ru/mikroorganizmyi/mikrobiologiya-i-ee-ravzvitie/mikrobiologiya.html>

2 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, IV том

3 <http://freepapers.ru/38/mikrobiologiya-negzder-pnnen-lekciyalar-zhinay/274788.1793661.list1.html>

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ 1– СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МОРФО-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЗАВЪХАН Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ИНСЕБАЕВА М. К.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бастауыш мектептің оқу жұмысының әр саласына бейімделу балада бірден қалыптаспайды, оған біраз мерзім үйренуі керек. Егер мектеп жасына дейінгі балалардың негізі әрекеті ойын болып келсе, оқуға кіргеннен оқу іс-әрекеті шешуші рольді атқарады. Осыған орай баланың психикалық дамуы үлкен өзгерістерге ұшырайды. Себебі: ойынға қарағанда оқу талабы бала үшін қиын. Сонымен қатар, жаңа ортаға бейімделіп, мұғаліммен, құрбыларымен қарым-қатынас жасауына психологиялық көмек қажет. Бастауыш мектептің оқу жұмысының әр саласына бейімделу балада бірден қалыптаспайды.

6 жастан бастап 12 жас аралығы танымдық әрекетті қалыптастыруға және дамытуға өте қолайлы кезең деп есептеледі. Бастауыш мектептің оқушыларында дененің барлық органдары мен тканьдарында елеулі өзгерістер болады. Мысалы, омыртқаның барлық мойын, арқа бел бүгілістері де дамиды. Бұлшық еттері мен сіңірлері жылдам қатайды, олардың көлемі ұлғаяды, жалпы бұлшық ет күші артады. Ірі бұлшық еттер майдаларынан ертерек жетіледі. Сондықтан да балалар салыстырмалы түрде алғанда күшті де кең құлашты қимылдар жасауға көбірек қабілетті, алайда оларға дәлдікті талап ететін ұсақ қимылдарды орындау қиынырақ соғады.

Бастауыш сынып балаларына, әсіресе 1-2 сынып оқушыларына жазбаша тапсырмаларды көп беруге болмайды. Балаларда ұшырасатын графикалық жағынан нашар орындалған тапсырманы көшіріп алу көбінесе нәтижені жақсартпайды. Бастауыш сынып оқушыларының жүрек бұлшық еттері шапшаң өседі және ол қанмен жақсы қамтамасыз етіледі, сондықтан ол салыстырмалы түрде алғанда төзімді болады.

Әр жастағы, оның ішінде бірінші сынып жасындағы баланың психологиялық ерекшеліктері бірден қалыптаспайды, керісінше, бұл ерекшеліктер баланың бұдан бұрынғы дамуында жинақталып, оны өз кезегімен дамудың келесі сатысына көшуге даярлап отырады. Сондықтан бастауыш мектеп мұғалімі бастауыш сынып

оқушысының ерекшеліктерін зерттей отырып, сол ерекшеліктерді мектепке дейінгі шағында қалыптасқан ерекшеліктерден бөлек алып қарамайды және бұдан былайғы даму перспективаларын көрмей тұра алмайды. Дамудың өзі денелердің кеңістікпен уақытта жай өзгеруі ғана емес, ол өзінің үдемелілігімен, төменнен жоғарғыға, азырақ ұйымдасқаннан неғұрлым ұйымдасқанға, қарапайымнан күрделіге ауысуымен көзге түсетін жаңадан кері айналмайтын үрдіс. Даму үздіксіз жүреді, ойлау, қорытынды шығару үрдістерін қалыптастырады. Мектепте оқыту баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді және ол бала дамуының негізі болып табылады. Сондықтан оқыту мен дамудың арасында тығыз байланыс болады.

Бастауыш саты – оқушыда, оның интелектісі дамуының іргетасы, танымдық әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі. Танымдық түрлерін меңгеру оқушы ойын тәртіптеп, оның белгілі бір бағыты жүйелі «арнамен жүруін» қамтамасыз етеді; жеке тұлғаның негізгі психикалық үрдістері қалыптасып, ырықты, зейін, рефлексия, өзін-өзі бақылау, әрекет амалдың ішкі жоспары сияқты нысандар пайда болады. Оқушы әр түрлі оқу тапсырмаларын өздігінен шешіп орындаудың ортақ тәсілдерін, өз әрекетін бақылап бағалаудың нәтижесін эталонмен салыстыруды меңгереді. Бастауыш мектеп жасындағы баланың биологиялық, әлеуметтік мәдени, педагогикалық ерекшеліктері мен белгілері танымдық әрекеттің қалыптасуында басты назарда ұсталады.

Психологтардың, педагогтардың (Н. Лейтес, А. Люблинская, Я. Пономарев, Ж. Пиаже, А. Зак т. б.) зерттеулерінше оқушының мектептегі кезеңдерінің ішінде, әсіресе, бірінші сынып кезеңінде оқушылардың танымдық әрекеттерінің психологиялық негізі және елестету, армандау, шығармашалық ойлау және ойлау операциялары: талдау, жинақтау, жалпылау, салыстыру және т. б. қалыптасады. Сонымен қатар әрекетті бағалау, қорытынды шығару және өз пікірін айту сияқты керекті негізгі қабілеттер де көріне бастайды. Бастауыш сынып оқушыларының маңызды тағы бір ерекшелігі – оларды эмоционалдық көңіл-күйінің көтеріңкілігі. Жарқын айтылған бір ауыз сөз, көрілген фильм, оқылған кітап не әңгіме балаларды баурап алады, олардың жан сарайында жаңғырық тудырады. Бұл жастағы балалар айтқанға оп-оңай көңілдігімен ерекшеленеді, олар ересек адамдардың, әсіресе, мұғалімнің тәрбиелеу ықпалына тез беріледі.

Бастауыш сынып жасы кездерінде балалардың бойлары, дене мүшелері, әсіресе, аяқтары тез өседі. Бала жылына екі килограмм

салмақ қосады. Осы жаста сүйек тез қатая бастайды. Бірақ сүйек тканьдарында әлі де органикалық заттар көп те, минералды тұздар аз. Сондықтан да сүйек икемді, созылмалы, әлі толық қатаймай, шеміршекті түрде болады. Осы ерекшеліктерін ескеріп, бастауыш сынып оқушыларына қозғалмайтын статикалық жаттығулар жүктемесін аз береміз. Үлкен биіктіктен секіру, қатты жерге секіру жаттығуларын бермеуге тырысуымыз керек. Омыртқаның байланыстары мен бұлшық еттері әлсіз, омыртқа арасындағы шеміршек қалың болып келеді. 7 жаста барлық омыртқа айқын білініп тұрады. Қыздарда 7-11, ер балаларда 7-13 жас арасында омыртқаның денесі мен эпифиздерінің арасында жұқа болса да шеміршекті қабат сақталады. Балалардың бұлшық ет тканьдарында су көп те, белоктық заттар аз болып келеді. 7-8 жастағы балалардың бұлшық ет тканьдары олардың жалпы салмағының 27%-ын алады. Салыстырмалы түрде қарасақ 18 жастағыларда 40% болады. Бұлшық еттер әлсіз болады, әсіресе, арқа және іш бұлшық еттері ұсақ бұлшық еттерге қарағанда жақсы дамыған. Бастауыш сынып оқушыларының жүректері үлкен, қан тамырларының іші кең, қабырғалары созылмалы болып келеді.

Бастауыш білім алу үрдісінде оқушылар дұрыс, еркін, тез әрі түсінікті оқуға, өз ойларын ауызша, жазбаша дұрыс қорытуға, мазмұндауға, арифметикалық есептер шығаруға бауланады, оларға табиғат жөнінде кейбір түсініктер беріледі. Оқу барысында балалардың көркем өнерге сүйенуден шығады. 7 жастан 10 жасқа дейінгі кезеңге неғұрлым тән негізгі белгі мынада: бұл жаста мектеп жасына дейінгі бала мектеп оқушысына айналады. Бұл бала өз бойында мектеп жасына дейінгі балалық шактың белгілерін оқушының ерекшеліктерімен ұштастыратын өтпелі кезең.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 А. С. Макаренко. Тәрбие туралы лекциялары. – Алматы, 1968.
- 2 В. А. Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. – Алматы, 1976.
- 3 Обухова Л. Ф. Возрастная психология. – М., 1999.
- 4 Райс Ф. Психология подросткового и юнесского возраста. – СПб., 2000.
- 5 Караковский В. А. О подростках. – М.: Педагогика, 1970.

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ «ПОЗНАНИЯ МИРА» В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

КАБДЫКАРИМОВА А. С.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

АЛПЫСБЕВА А. А.

учитель начальных классов, СОШ имени Е. Мукашева

БАХБАЕВА С. А.

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

КАЛИЕВА А. Б.

профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Состояние современного общества поставило перед образованием ряд острейших проблем, среди которых резкое ухудшение физического, психического, неврологического и нравственного здоровья детей. Поэтому перед школой сегодня стоит серьезная задача: при организации обучения выбирать наиболее комплексный подход к выбору методов, средств обучения, максимально учитывать наличие этих проблем. Решать ее помогают методы обучения, функционирующие на принципах гуманизма, дифференциации и индивидуализации обучения.

Большую роль в развитии познавательного отношения к природе младших школьников играет «Познание мира», предмет, который изучает природу как единое материальное целое, рассматривает ее в развитии, во времени и пространстве. Природоведческие знания младших школьников служат основой для изучения естественных дисциплин в средней школе (географии, ботаники, зоологии, анатомии). Младшим школьникам свойственны любознательность и эмоциональная отзывчивость, что и обуславливает характер их отношений к природе [1].

В процессе изучения этого предмета дети приобретают элементарные знания о единстве и разнообразии окружающей природы, ее охране, знакомятся с картинами природы нашей Родины, получают общие понятия и представление об организме человека. Основная идея школьного предмета «Познание мира» состоит в раскрытии и установлении связей между компонентами неживой и живой природы, в объяснении влияния всех компонентов природы на трудовую деятельность людей, которая связана в значительной степени с использованием природы и в соответствии с этим – воспитанием бережного отношения к ней. В процессе реализации этой идеи создаются большие возможности

комплексного подхода к обучению. Все методы и формы работы при изучении природы должны включать приемы по формированию таких качеств, как доброжелательность, справедливость, дружба, личная ответственность за общее дело. Программа по «познанию мира» предусматривает выявление простейших связей и взаимосвязей, доступных пониманию учащихся. В процессе установления связей создаются благоприятные условия для развития логического мышления детей. Весь процесс мышления при выявлении таких связей выражен в обобщениях, степень которых постепенно усложняется по мере привлечения новых понятий. Первоначальная ступень обобщений проявляется в чувственном познании, которое позже умело развивается учителем. На уроке, как известно, реализуются все поставленные перед школой задачи: познавательные, воспитательные, развивающие. Мобилизовать внимание учащихся на изучение материала, поставить задачи урока, проблему перед детьми, наметить основные пути решения этих задач – важнейшее требование современного урока [2].

На уроках познания мира задачи формируются учителем устно и письменно. Часто письменная форма выражена в виде плана, записанного на доске. План определяет содержание и последовательность работы. Это очень важный этап любого урока. Известно, что человек мыслит только в том случае, если перед ним поставлена определенная задача. И если ученик сможет решить задачу в новых ситуациях, используя уже изученный материал, тогда безошибочно можно утверждать, что знания им усвоены. Часто мы пользуемся трафаретными или другими приемами и методами на уроке, применяем их по традиции, иногда не задумываясь над ними [3].

Методика преподавания «познания мира» отвечает на вопросы: зачем изучать окружающую природу учащимся младших классов? Как учить? Как воспитывать средствами предмета? Какие методы, приемы можно наиболее эффективно использовать для развивающего обучения и воспитания младших школьников через содержание природоведческого материала?

Учебные методы – это главные инструменты, с помощью которых учитель вооружает учащихся основами наук, развивает их познавательные способности, обеспечивает развитие личности, формирует научное мировоззрение.

От выбора и характера использования того или иного метода зависит, будет ли учебный труд для детей радостным и интересным

или обременительным, выполняемым лишь «для отбытия повинности».

Существует большое разнообразие методов обучения, которые используются при изучении познания мира. Основанием классификации методов обучения, предложенной И. Я. Лернером и М. Н. Скаткиным является внутренняя характеристика мыслительной деятельности учащихся. Они предложили следующую систему методов:

Объяснительно-иллюстративный или репродуктивный метод. Применяется в тех случаях, когда учащиеся приобретают знания, полученные от учителя, из книги или других источников в готовом виде. Этот метод имеет большое значение на начальном этапе изучения той или иной темы.

Проблемный метод используется в тех случаях, когда учащиеся сообщают готовые знания, при этом учебный материал группируется и располагается таким образом, чтобы перед учащимся была поставлена проблема. Для ее решения учитель, применяя систему доказательств, показывает логический путь и средства, т.е. как бы раскрывая путь по которому учащемуся необходимо идти дальше.

Частично-поисковый метод. Применяется в тех случаях, когда учащиеся сами знакомятся с материалом, строят части плана поиска и делают самостоятельные выводы.

Исследовательский метод. Учащиеся проводят исследование и формируют решение проблемы.

Метод по источнику знаний. Грузинским педагогом Д.О. Лордкипанидзе была предложена классификация методов по тем источникам, из которых учащиеся черпают знания и приобретают навыки. Эти методы исходят из признания единства образа, слова и практической деятельности в познании окружающего мира.

Таблица 1 – Классификация методов по источнику знаний

Методы	Источник
Демонстрация	Предметы и явления
Наблюдения учащихся	Действительность и её изображение
Экскурсии	Наблюдение за природой
Практические работы Лабораторные работы	Практические действия

6. Демонстрационные методы. Реализуют принцип наглядности, активизируют сенсорные и мыслительные процессы ученика, облегчая ему усвоение учебного материала (таблицы, макеты, модели, диаграммы, технологические карты).

7. Практические методы. Превращение знаний в умения. Выполнение работ, связанных с практикой, лабораторные работы.

8. Устные словесные методы. Инструктаж, беседа, рассказ, лекция – эти методы являются стержневыми, в учебном процессе на них строятся все остальные методы.

9. Метод моделирования. Модель – средство наглядности и доступности при обучении познанию мира.

10. Программированный метод. Порционное изложение материала, внешняя и внутренняя обратная связь, алгоритм действия, тестовые задания.

11. Метод наблюдения - является ведущим методом знакомства с окружающим миром. Приобщение учащихся к природе путем целенаправленных наблюдений и посильной практической деятельности учащихся (сбор семян, листьев, посадка саженцев).

12. Общенаучные и предметные методы познания: анализ, синтез, сравнение, классификация[4].

При ознакомлении с окружающим миром могут использоваться все вышеперечисленные методы, потому что они все тесно связаны между собой.

Использование современных методов преподавания «Познания мира» позволяет осуществить систематическое изучение природы, у учащихся возрастают знания о природном окружении человека, о взаимосвязях в природе, о потребностях растений и животных, необходимых для поддержания их жизни, служат мотивами формирования отношения детей к растениям и животным, воспитывают необходимость их охранять.

Отношение младших школьников к природе, благодаря современным методам обучения, ярко проявляются в практической деятельности, доступной их возрасту.

ЛИТЕРАТУРА

1 Алексюк А.Н. Проблема методов обучения в общеобразовательной школе. - М., 1997.

2 Байзакова Е.М. Развитие методов обучения в истории начальной школы Казахстана. – Алматы, 1995.

3 Гольперин П.Я. Методы обучения и умственное развитие ребенка. - М., 1985.

4 Онищук В.А. Урок в современной школе. - М., 1997.

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДИАГНОСТИКА КАК СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

КАИРКЕШ А. О.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

КАЛИЕВА А. Б.

профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В настоящее время педагогическая диагностика рассматривается как составной компонент профессиональной деятельности педагога. Выявление её сущности, содержания, методов, особенностей и условий на современном этапе является одним из важнейших направлений совершенствования воспитательной работы во всех типах школ. В отечественной педагогической литературе понятие «педагогическая диагностика» в полной мере стало предметом исследования таких ученых, как В.С. Аванесов, А.С. Белкин, А.И. Кочетов, В.В. Беликова и др. Так, в представлении В.С. Аванесова [1,2], педагогическая диагностика – это система специфической деятельности педагогов и педагогических коллективов, нацеленная на выявление интересующих свойств личности с целью измерения результатов воспитания, образования и обучения.

Систему диагностической деятельности образуют цели и методы диагностики, результаты и интерпретация результатов, кадры и учреждения, занимающиеся диагностикой и, что обязательно, гуманным применением результатов диагностики в образовательном процессе. По его мнению, предметом педагогической диагностики является измерение (оценка) интересующих свойств личности, включенной в образовательный процесс. Он считает, что эта диагностика является или должна являться (там, где она ещё не используется) частью педагогической практики и теории, т.е. педагогики. В тоже время В.В. Беликова рассматривает педагогическую диагностику как познавательно-преобразующую деятельность по распознаванию и учёту индивидуальных и групповых особенностей участников педагогического процесса, их обученности, воспитанности,

развития, образованности, направленную на достижение уровня образованности, соответствующего современным требованиям, потребностям личности, общества, государства.

В понятие «педагогическая диагностика» исследователи вкладывают смысл и её содержание: во-первых, диагностика осуществляется для педагогических целей, т.е. она ориентирована на получение информации о том, как повысить качество образования (обучения, воспитания) и развития личности учащегося; во-вторых, она позволяет получить информацию о качестве педагогической деятельности; в-третьих, она осуществляется при помощи методов, которые органически вписываются в логику деятельности педагога; в-четвертых, с помощью педагогической диагностики совершенствуются контрольно-аналитические и оценочные функции педагогической деятельности; в-пятых, средства и методы педагогической диагностики могут быть трансформированы в средства и методы обучения и воспитания. Для того чтобы понять сущность и особенности педагогической диагностики, следует провести сравнение между работой врача и педагога.

Как известно, врач начинает свою деятельность с выяснения причин болезненных симптомов пациента, прогнозирует течение болезни и ее возможные последствия для больного и с учетом медицинского заключения (диагноза) назначает лечение. Аналогично педагог также в начале своей работы с воспитанником внимательно и обстоятельно изучает социально - педагогические условия его прежнего формирования и развития, устанавливает причины и факторы негативных образований, их характер. Затем он прогнозирует возможные альтернативы в развитии воспитанника и их последствия для него с учетом спроектированной программы психолого-педагогической коррекции его трудности (неблагополучия). Как заметила В.В. Беликова, педагогическая диагностика оказывает значительное влияние не только на результат, но и на ход обучения и воспитания, поскольку обеспечивает распознавание индивидуальных и групповых особенностей образованно-3 сти, обучаемости, воспитанности, развития учащихся (воспитанников), на основе анализа которых вырабатываются пути совершенствования образовательного процесса. Иначе говоря, педагогическая диагностика осуществляется с целью изучения не только внешних, но и внутренних факторов, влияющих на развитие и формирование личности.

